


KASE 2012



Қ А З А Қ С Т А Н
Қ О Р Б И Р Ж А С Ы



Мазмұны

4	Президенттің үндеуі
8	KASE бүгін <ul style="list-style-type: none">Ұйымдастырушылық құрылымыБиржалық кеңесБасқармаКомитеттер мен комиссиялар
12	Уақиғалар
16	Нарық конъюнктурасы
24	Қаржылық қорытындылар <ul style="list-style-type: none">АктивтерМіндеттемелер мен капиталKASE тобының операциялық қызметіKASE еншілес ұйымдары
31	Қаржылық есеп
36	Жобаларды жүзеге асыру және Биржаның дамуы туралы есеп берушілік <ul style="list-style-type: none">Халықтық IPOЛистингтік компаниялар мен қаржы құралдарыИнвесторлық базаБиржаның PR-кампаниясыӨтімділікті арттыру бойынша жұмысЖобаларды дамытуТехнологиялық дамуХалықаралық ынтымақтастық
60	Корпоративтік дамудың негізгі сұрақтары туралы есеп берушілік <ul style="list-style-type: none">Акционерлер туралы ақапаратДамуды жоспарлауІшкі аудитТәуекелдерді басқаруКорпоративтік басқарудың кодексі
65	Глоссарий

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҮНДЕУІ



Қадыржан Дамитов
"Қазақстан қор биржасы"
АҚ Президенті

Құрметті акционерлер!

2013 жылы Биржа өзінің 20-жылдығын атап өтеді. Биржалық іс кәсіпқойларын және қаржылық нарықтың барлық қатысушыларын осы мерейтоймен құттықтағым келеді.

Уақиғаларға бай қысқа ғана тарихында KASE, жаңа құрылған тәуелсіз елімізбен

бірге ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап, ұзақ жолды еңсеріп өтті.

Күнделікті айналымы 100 мың АҚШ доллары деңгейінде және 23 қатысушысымен 1993 жылы валюталық сауда алаңы ретінде өз қызметін бастаған Биржа, бүгінгі таңда күнделікті айналымы бір млрд АҚШ

долларынан асып, 68 қатысушысы бар, нарықтың: мемлекеттік бағалы қағаздар, корпоративтік борыштық бағалы қағаздар және үлестік қаржы құралдар, шетел валюталары, репо операциялары және деривативтер нарығы сияқты алты сегментінде қызмет ететін, әмбебап қор нарығының операторы деңгейіне жетті.

2012 жылды KASE даму тарихындағы бетбұрысты кезең деп атауға әбден болады.

Еліміздің қаржылық жүйесінің мықтылығына сынақ болған бұл жыл, Қазақстандағы көптеген елеулі реттеушілік өзгерістердің енгізілуімен белгіленді. Әлемдік нарықтар үлкен дағдарысқа шалдығуы, отандық нарыққа да кері ықпалын тигізді. Сондықтан мемлекет үшін, қаржылық нарықта тәуекелдерді минимизациялау бөлігінде, заңнаманы күшейту өзекті мәселеге айналғаны ғажап емес.

Бұл бағыт Биржаның да, кәсіби қоғамдастықтың да жұмыстары бойынша негізгі тренді болып, даму жобаларының мерзімдерін айтарлықтай өзгертті. Бастамасының негізі 2012 жылда қаланған нарықтың трансформациясы ауқымды жұмыс көлемін талап етті, оған Биржа жетекшілігінің де, Биржаның персоналының да көптеген күш-жігері мен ресурстары жұмсалды. Жыл бойы енгізіліп жатқан заңнама өзгерістерімен қатар, KASE ішкі құжаттарын және процедураларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Осы жұмыс барысында

инсайдерлік ақпараттарды бақылау жүйесі енгізілді, клирингтік палата құрылды, жинақтаушы зейнетақы қорлар акцияларының листингі жасалды және басқа да жаңалықтар енгізілді. Биржалық нарықтың инфрақұрылымын күшейту мақсатында KASE өз құрылымында жаңа қызметтерді құрды (мысалы, Биржа мүшелерімен жұмыс жүргізу және олардың мониторингін жасау қызметі), 21 жаңа және, қабылданған түзетулерімен, 30 ішкі құжат бекітілді. Есептік жылда атқарылған үлкен жұмыс келесі жылы оң нәтижелерін береді деп үміттенеміз.

Қор нарығындағы мағынасы бойынша, тек Биржа үшін ғана емес, бүкіл еліміз үшін екінші уақиға “Халықтық IPO” мемлекеттік бағдарламасының басталуы болы. Оны іске асыру бойынша KASE алдына қойылған басты мақсаты, Биржаның “КазТрансОйл” АҚ акцияларына жазылымын жүргізуде мүлде жана тәртіптемеде техникалық ұйымдастырушы рөлін атқаруы болды. Биржа кеңес беруші брокерлік компаниялармен біріге отырып, қойылған мақсатты жоғарғы техникалық және кәсіби деңгейде шешті деп санаймын. Бағдарламаның бірінші кезеңінде Қазақстанның түпкір-түпкірінен 34 мыңнан астам жеке тұлғалар қатысты. Өз тарапымыздан орналастырудың бірде-бір техникалық жаңылыссыз өтуі үшін барлық ынта-жігерімізді жұмсадық. Бұған қоса, Биржа үлкен тәжірибе алып, осы бағдарламаны әрі қарай жүзеге асыру барысында Биржаның жоғарғы сапа деңгейінде өз рөлін атқаруына мүмкіндік береді.

Жұмыстың аталған екі үлкен бағыттарының ресурс талап етушілігіне қарамастан, Биржалық қызметті дамыту бойынша басқа да жобаларды естен шығарған жоқпыз. 2012 жылы жоспарланған бірқатар маңызды мақсаттарды іске асыра алдық. Солардың ішінде KASE Индексінің ең өтімді акцияларына фьючерстерді іске қосу, “Қазақстан даму банкінің” АҚ исламдық бағалы қағаздарын (сукук* “ал-Мурабаха”) – ТМД аумағындағы бірінші сукук шығарылымын орналастыру, маркет-мейкерлер қызметінің жаңа ережелерін әзірлеу, сондай-ақ бірнеше басқа да жобалар жүзеге асырылды. Жоғарыда аталған жұмыстар нормашығармашылық үдерісімен, сондай-ақ, сауда-саттық жүйесінде тиісті технологиялық өзгертулер енгізумен қатар жүріп отырды. Осылайша, KASE 2011–2013 жылдарға қабылдаған стратегиясы табысты орындалып жатыр.

Әлемдік экономикада өз шешімін таппаған мәселелер әлі көп. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазақстандық қаржы секторы аясындағы саясаты, капиталдың әлемдік нарықтарын және ауыр тиген дағдарыстан кейінгі даму тәжірибесін жоғарғы деңгейде интеграциялай отырып, тәуекелдерді

минимизациялауға бағытталады. Бұндай жағдайда KASE эмитенттер, инвесторлар және қаржылық делдалдардың өзара әрекеттестіктеріне арналған инфрақұрылымдық орталық рөлін табысты атқарып, Қазақстан нарығының даму деңгейі мен жағдайына және оның заңшығарушы шектеріне сәйкес келетін сервисті ұсынуды жалғастыруда. Биржа қаржы секторының өзекті институттарының бірі болып қала тұрып, 2012 жылдың тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстанның дамып келе жатқан қаржы жүйесінің барлық талаптарына сай болуға әзір.

Биржа Басқармасының атынан барлық акционерлерге, қиын-қыстау жылдар бойы қолдау көрсетіп, түсінушілік білдіріп, нарықтың сауығуы мен дамуы мақсатында оңай және танымал емес шешімдер қабылауға бел бұғандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Нарыққа қатысушыларымен орнаған тығыз ынтымақтастық пен белсенді әрекеттестік Биржаға ел экономикасының игілігіне және қаржы секторын ары қарай дамытуға көмектеседі деп сенеміз.

Қадыржан Дамитов
“Қазақстан қор биржасы” АҚ Президенті

* Облигацияның исламдық баламасы деп аталмыш, шариғат елдерінде кеңінен тараған қаржылық құжат.




КАСЕ БҮГІН





KASE БҮГІН

Ұйымдастырушылық құрылымы



Биржалық кеңес

Құрманов Жанат Ботанұлы, Төраға
“Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор

Әбдіразақов Елдар Советұлы
“Сентрас Капитал” ЖШС Бас директоры

Әбдірахманов Нұрлан Алмасұлы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бақылау және қадағалау әдістемесі Департаментінің Директоры

Алдамберген Алина Өтемісқызы
“Самұрық-Қазына Финанс” ЖШС Бас директоры

Баймағамбетов Ақылжан Мәлікұлы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар Департаментінің Директоры

Бектасов Әбен Ағыбайұлы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

Дамитов Қадыржан Қабдошұлы
“Қазақстан қор биржасы” АҚ Президенті

Жолдасбеков Азамат Мырзадаұлы
“Орталық бағалы қағаздар депозитарийі” АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

Қарабаев Дәурен Сапарәлиұлы
“Қазақстан Халық жинақ банкі” АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары

Кышпанакөв Виктор Алексеевич
“BCC Invest” – “Банк ЦентрКредит” АҚ еншілес ұйымы” АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары

Нүкішев Азат Ғалымұлы
“Қазақстан жолдары” АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Ташметов Мирлан Жапарбекұлы
“Отан” АЖЗҚ” АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары

Басқарма

Дамитов Қадыржан Қабдошұлы
Президент

Сабитов Идель Марисильевич
Бірінші Вице-президент

Цалюк Андрей Юрьевич
Вице-президент

Комитеттер мен комиссиялар

Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

KASE қызметінің артықшылықты бағыттары және стратегиялық мақсаттары сұрақтары, соның ішінде тиімділікті арттыруға ықпал ететін, және бюджеттеу мәселелері бойынша нұсқаулар әзірлеу.

Әлеуметтік сұрақтар, корпоративтік басқару және этика жөніндегі комитет

KASE қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету және әлеуметтік сұрақтарды шешу бойынша әрекетті саясатты әзірлеу, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның ұстанымдарын іске асыру; іскерлік этиканы сақтау ұстанымдарына негізделген, ұжымдық жұмысты

ұйымдастыру, мүдделер қайшылығын шешу, кәсіби беделді арттыру және корпоративтік рухты көтеру.

Мамандар және сыйақылар жөніндегі комитет

Биржа қызметкерлерінің өнімді және сапалы еңбегін материалды ынталандыру жүйесінің тиімді мамандар жөніндегі саясатты әзірлеу бойынша нұсқауларды дайындау, Биржа қызметінің стратегиялық жоспарын іске асырумен байланыстырылған, еңбекке төлеудің адекватты жүйесін ұйымдастыру.

Аудит жөніндегі комитет

Биржа Басқармасының қызметін бақылау тәртібінде, Биржалық кеңестің құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтарды Биржалық кеңеспен тереңдетіп қарауы және Биржалық кеңеске және Биржа Басқармасына қажетті нұсқаулықтарды әзірлеу.

Эмитенттердің қаржылық есеп берушілігі мен аудиті жөніндегі комитет

Бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілуге ұсынылатын, эмитенттердің қаржылық есеп берушіліктерін қарау және осындай қараулардың нәтижелері туралы ақпараттар дайындау.

Сараптық комитет

Мәмілелерді бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы мақсатында жүзеге асырылған деп мойындау сұрақтары бойынша сараптық тұжырымдамаларды дайындау.

Листингілік комиссия

бағалы қағаздардың листингі, делистингі, ресми тізімдегі санатын ауыстыру сұрақтарын қарау және шешім қабылдау, Биржаның ресми тізіміне, Қазақстан

Республикасынан басқа, мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылатын, облигацияларды енгізуге келісімді беру, сондай-ақ листингілік компаниялардың борыштық бағалы қағаздарын “Буферлік санат” санатына ауыстыруға негіздерді жою бойынша жоспарларын қабылдау немесе қабылдамау.

Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитет

Валюталық нарық мүшелерінің төлеуге қабілетсіздік оқиғаларын анықтау; төлемдерді жүзеге асыру мерзімінің бастапқы тәртіптемесін орнату; валюталық нарық мүшелерін төлемдерді жүзеге асырудың бір тәртіптемесінен екіншісіне ауыстыру; сауда-саттыққа қатысушылардың бір күндік нетто-жайғасымдарының шектелімін анықтау.

Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясы

Келіссөздер арқылы реттелмеген, Биржа мүшелері арасындағы, Биржа мен оның мүшелері арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді (Биржадағы мүшелікті уақытша тоқтату немесе тоқтату сұрақтары бойынша даулар мен келіспеушіліктерді қоспағанда) шешу.

Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитеті

Бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарды бағалаудың әдістемелік негіздерін әзірлеу; автоматтандырылған бағалау кезінде қолданылатын, параметрлерді белгілеу; қор нарығының индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдерді қалыптастыру; қор индексі есептеу мақсатында, еркін айналыстағы акциялардың санын анықтау; мерзімдік нарықтағы тәуекел-параметрлерін анықтау; мерзімдік нарықтағы сақтық және кепілдік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бақылау.



УАҚИФАЛАР



2000

МЫН ТЕНГЕ

БЖ 3546976

2000

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКА



УАҚИҒАЛАР

2012 жылда Қазақстанның қаржы секторы үшін ең маңызды уақиғалардың бірі "Қазақстан Республикасының банктік қызметі және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді минимизациялау бөлігінде реттеу мәселелері жөніндегі кейбір заңшығарушы актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" заңының (бұдан әрі – тәуекелдерді минимизациялау заңы) қолданысқа енгізілуі болды. Бұл заң Қазақстанның, тәуекелге неғұрлым аз ұшырағыш, қаржылық кеңістігін құру жолындағы маңызы зор қадамдардың бірі болып табылады.

Заңның негізгі нормалары және, оның қолданысқа енгізілуімен бірге қабылданған, нормативтік құқықтық актілер қаржы секторының тұрақтылығын нығайтуға және оған деген сенімді арттыруға, сондай-ақ, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Атап айтқанда, осы заңмен қазақстандық акционерлік қоғамдардың айқындылығы сапа тұрғысынан жаңа деңгейге шығарылып, қазақстандық биржалық нарықты қолдау бойынша бірқатар шаралар қолданылды, бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты пайдалануға және қолдануға шектеулер енгізілді, брокерлік компанияларға қойылатын талаптар өзгерді, соның ішінде олардың қызметі туралы ақпараттарды ашу деңгейі айтарлықтай жоғарылады.

Біздің пікіріміз бойынша, аталған шаралардың басты әсері, жергілікті нарықта жұмыс жүргізгендегі инвесторлар үшін қолайлылық пен қорғау арттырылғанында, яғни, біздің нарығымыздың жеке меншік және интитуционалдық инвесторлар үшін тарымдылығының өсуінде, байқалады.

Тәуекелдерді минимизациялау туралы заңмен эмитент-инвестор және несие алушы – несие беруші тізбегіндегі іс жүзінде әр қатысушының қызметіне қойылатын талаптар өзгертілді. Осылайша, борыштық бағалы қағаздарды шығаратын эмитенттер үшін

қосымша талаптар енгізіліп, осы талаптарды бұзғаны үшін эмитент облигацияларды ұстаушылардан өз облигацияларын кері сатып алуға міндеттейді. Осындай талаптармен қатар, негізгі қызметтің түрлерін және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертуге, сондай-ақ активтердің елеулі үлестерін шеттетуге тыйым салынады.

Биржа мүшелері болып табыатын қаржы компаниялары ақпараттар ашу жағынан айқынырақ болуы тиіс: акционерлік қоғамдар сияқты, олар да қаржылық есеп берушілігін және ең маңызды уақиғалары туралы Қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы ашуға міндетті, сол есеп берушілігі мен ақпараты, Биржа мүшелері ретінде, олар биржалық мониторинг қызметіне де ұсынуы тиіс.

Аталмыш заң жеке меншік ЖЗҚ-ларды Биржада листинг процедурасынан өтуге міндеттеді. Есептік кезеңде қызмет еткен он бір ЖЗҚ-ның онының акциялары KASE ресми тізіміне енгізілді, бұл қор салымшыларына жағымды уақиға болды, себебі бағалы қағаздардың KASE ресми тізімінде болуы осы эмитенттерге ақпараттар ашу бойынша қойылатын қатаң талаптармен түйіндес болып табылады.

Сауда-саттық ұйымдастырушылары үшін де "ойын ережелері" өзгерді. Есептік кезеңде Биржа өзінің ішкі құжаттарын және бизнес-үдерістерін тәуекелдерді минимизациялау туралы заңына сәйкестендіру бойынша үлкен жұмыс атқарды.

Осы жұмыстың негізгі нәтижелері:

- клирингілік қызметті жүзеге асыруға және Клирингілік палатасын құруға лицензия алу;
- Биржа мүшелерінің қызметіне мониторинг жүргізу және тиісті қызметті құру;
- инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың бақылауын жүргізу;

– KASE мүшелері туралы ақпараттар ашу бойынша негізінде жаңа деңгейдегі Биржа сайтының жаңартылған нұсқасын қолданысқа енгізу.

Осы және Биржаның өзге жобалары туралы толығырақ ақпарат “Жобаларды іске асыру және Биржаны дамыту туралы есеп” бөлімінде берілген.

Қаржылық қоғам үшін 2012 жылдағы маңызды уәкігаларының тағы бірі “Халықтық IPO” бағдарламасының бастамасы болды. Осы бағдарламамен локальды ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік және мемлекеттік сыңайлы компаниялардың акцияларын орналастыру қарастырылған. Бүгін осы бағдарламаның табысты басталғаны туралы айтуға болады: алғашқы компания – “ҚазТрансОйл” АҚ – есептік кезеңнің желтоқсан айында өз акцияларын орналастыруды аяқтады, бұл ретте сұраным көлемі ұсынымнан екі еседен астам болды. 34 мың қазақстандық азамат компанияның акционері болды. Осы бағдарлама шегінде акцияларды Биржа арқылы орналастыру өте маңызды дерек болып табылады. Бұл, бағдарламаның іске асуы барысында, ұйымдастырылған нарықта жеке инвесторлар класының қалыптасуын белгілейді.

“Халықтық IPO” бағдарламасының басталуы қазақстандықтардың еліміздің экономикасына инвестициялауға қызығушылығын көрсетті. Бұл, осы бағдарлама шегінде акцияларды сатып алатын жеке инвесторлар болашақта бағалы қағаздар нарығында өз жұмысын жалғастырып, жергілікті нарық инвесторларының шеңберін едәуір кеңейтетінін тұспалдауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, осы бағдарламаның табысты іске асуы, нарықта саудаланатын бағалы қағаздар тізімдерін, инвестициялауға тартымды қаржы құралдармен толықтырады.

Бұған қоса, Халықтық IPO-ның табысты тәжірибесі басқа компаниялар үшін бағалы қағаздарды қазақстандық нарыққа

шығаруға уәж ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысал ретінде ұялы байланыстың қазақстандық операторы – “Кселл” АҚ келтіруге болады, компания “ҚазТрансОйл” АҚ акцияларына жазылым өткізу кезеңінде, өз акцияларын Қазақстан және Лондон қор биржаларында жаһандық ұсыным жасады. Осы ұсыным барысында “Кселл” АҚ KASE биржалық нарығында 7,5 млрд теңге (ұсынымның жалпы көлемінен 9,4%) қаражат тартты.

Беймемлекеттік борыштық міндеттемелер секторында жаңа қаржы құралдары пайда болды. Қазақстандық эмитенттердің әдеттегі облигацияларынан басқа, 2012 жылы биржалық нарыққа Еуразиялық Даму Банкі халықаралық қаржы ұйымының облигациялары, сондай-ақ “Сукук “аль-Мурабах” исламдық бағалы қағаздарының қазақстандық эмитенті – “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ облигациялары шығарылды. Малайзияның заңнамасына сәйкес және осы елдің валютасында шығарылған, бұл облигациялардың орналастыруы есептік кезеңнің шілде айында аяқталды. Облигациялар Қазақстан және Малайзия нарықтарыда қатар орналастырылды. Шығарылымның жалпы көлемінен 38% қазақстандық инвесторлардың еншісінде болды.

Үшінші тоқсанда МБҚ бастапқы нарығында елеулі өзгерістер орын алды – 2012 жылдың 15 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен Бағалы қағаздар және қаржы құралдарымен сауда-саттықтар ұйымдастырушыларының қызметін жүзеге асыру ережелеріне енгізілген өзгертулер қолданысқа енгізілді. Аталған өзгертулерге сәйкес, Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін биржалық нарықта сатып алу құқығы, зейнетақы активтерін басқаратын, ЖЗҚ, ЕДБ және өмір сақтандыруды жүзеге асыратын, сақтандыру компанияларына қалдырылды. Осылайша, биржалық нарықтың бұл секторынан брокерлік компаниялар мен олардың клиенттері шеттетілді. Осы жайт МБҚ секторындағы

сауда-саттықтың жалпы белсенділігіне кері әсерін тигізді.

Бұдан басқа Қазақстанның қаржы нарығындағы тағы бір маңызды уақиғаны айта кеткен жөн. Есептік кезеңнің соңында “БТА Банк” АҚ қайта құрылымдау жоспары бекітіліп, банктің міндеттемелерін жартылай өтеу, акциялар немесе депозиттік қолхаттар түрінде өтемақылар төлеу, сондай-ақ, банктің жаңа облигацияларын шығару арқылы, банктің қаржылық берешегі 11,1 млрд АҚШ долларынан 3,3 млрд АҚШ долларына дейін қысқартылды. Қайта құрылымдау жоспары банктің несиелендірушілеріне айтарлықтай ауыр тиді, алайда Қазақстанның ірі және жүйеқұрушы банктерінің біріне жаңа жағдайларда қызметін жалғастыруға мүмкіншілік берді. 2013 жылы “Самұрық-Қазына” ХӘҚ осы кезеңдегі банкті тұрақтандыру бойынша өз міндетін атқарып, банктің капиталынан шығуы күтілуде.

Жыл бойы брокерлік корпусты реформалау көкейкесті тақырыптардың бірі болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының “Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының минималды көлемі туралы” 2012 жылдың 28 сәуіріндегі Қаулысымен брокерлер үшін жарғылық капиталдың минималды көлемі 400 мың АЕК мөлшерінде белгіленді. Брокерлер өз жарғылық капиталдарын 2013 жылдың 01 қаңтарына дейін осы қаулыға сәйкестендіруі тиіс болатын. Осы талаптың қолданысқа енгізілуі бірқатар ұсақ брокерлік компанияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығынан кетуіне мәжбүр етті.

2012 жылдың тамыз айында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік

қызметті жүзеге асыру ережелеріне өзгерту енгізді. Осы өзгертуге сәйкес брокерлер екі санатқа бөлінді. Бірінші санаттағы брокерлер қор нарығында жүргізілетін операциялар бойынша, соның ішінде бағалы қағаздарды халықаралық нарықтарда сату және мәмілелерді, бес күнге дейінгі есеп айырысу мерзімімен, жасасу мүмкіншілігі сияқты, қосымша преференциялар алды. Бірінші санатқа енгізілуі үшін брокерлерге қойылатын талаптарға кіреді: нарықтағы кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі, тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйесі, KASE нарығында белсенділік бойынша 7-лікке кіру, маркет-мейкерлік, андеррайтингтік және кеңес берушілік қызметтерін көрсету. Мұндай талаптарды қатысушылардың кез келгені орындай алмайтыны анық. Сондай-ақ, бұл өзгертулер кейбір компаниялардың қор нарығында бизнес жүргізу тиімділігіне қосымша қысым жасады.

Есептік кезеңде ҚҰБ ҚҚК өткізген қаржы нарығы субъектілерінің қызметін тексеруі қаржы компаниялардың заңнаманы көптеген бұзушылықтарын анықтады. Соның салдарынан нарық субъектілеріне тікелей ықпалшаралар қолданылды. 2012 жылы ҚҰБ ҚҚК тарапынан брокерлерге қатысты қолданған шектеу шаралары мен ықпалшаралардың саны 108 жетті (2011 жылы – 60).

KASE қор нарығының мүшелері саны 74-тен 60-қа дейін азайды. 2012 жылы қазақстандық биржалық нарықтан өз еркімен немесе мәжбүрлі түрде шыққан компаниялардың қатарына “Plankion Invest” АҚ, “NOMAD FINANCE” АҚ, “Ренессанс Капитал Инвестментс Казахстан” АҚ, “ИФГ КОНТИ-НЕНТ” АҚ, “Астана-Финанс” Брокерлік компаниясы” АҚ, “Prime Financial Solutions” АҚ кірді.



НАРЫҚ КОНЬЮНКТУРАСЫ



НАРЫҚ КОНЪЮНКТУРАСЫ

2012 жыл барысында жетекші орталық банктері (АҚШ Федералды Резервтік Жүйесі, Ағылшын Банкі, Еуропалық Орталық Банк, Жапония Банкі) экономикаларды тұрақтандыру және сұранымды ынталандыру бойынша монетарлық саясат белсенді қолданды. Қолданған шаралардың пайдасы қарастырылатын кезеңде негізгі әлемдік қор индекстерінің өсуімен белгіленді. Дегенмен, әлемдік экономиканың нақты көрсеткіштеріне бұл шаралар, күтілгендей, ықпал етпеді. Қазақстандық бағалы қағаздардың баға белгілеулеріне аталмыш әрекеттердің елеулі оң ықпалы болған жоқ – инвесторлар үшін, соның ішінде шетелдік инвесторлар үшін, қазақстандық бағалы қағаздар жоғары тәуекелді қаржы құралдар болып қалды. KASE Индексінің қазақстандық экономикаға қатынасты жеткіліксіз көрнекілігіне, сондай-ақ Ұлттық Банктің бірқалыпты ақша-несиелік саясатына байланысты, қазақстандық акциялардың бағасы көбіне түсіп отырды.


Сонда да, жағымды уақиғалардың бірі деп, 2012 жылдағы инвесторлардың қазақстандық қор нарығында қарқындаған белсенділігінің екі кезеңін атап өткен жөн.

Біріншісі – “Қазақтелеком” АҚ “GSM Қазақстан” акционерлік қоғамындағы өз үлесін сатқаннан кейін, төтенше дивиденд төлегеннен кейін, оның акциялары бойынша жоғары белсенділік. Екінші кезең – есептік кезеңнің соңында KASE қайталама нарығында “ҚазТрансОйл” АҚ және “Кселл” АҚ жай акцияларының – инвестициялау үшін тартымды екі жаңа қаржы құралының сауда-саттығы ашылғаннан кейін орын алды.

KASE индексі бір жылда 12,3% төмендеді. Индекстің өкілетті тізімінің әлсіз әртараптануы қайтадан кері ықпалын тигізді. Жергілікті нарықтағы құлаудың “көшбасшылары” Eurasian Natural Resources Corporation Plc (–52,6%), “Қазақтелеком” АҚ (–32,9%) және “Казкоммерцбанк” АҚ (–31,6%) жай акциялары болды.

Есептік жылдың қорытындылары бойынша ENRC жай акцияларының баға белгілеулері айтарлықтай төмендеді – компанияның кірісіне шикізаттың бағасы, ішкі операциялық тәуекелдер, сондай-ақ, ерекше көкейкесті болған тақырып – өндірістік активтерді басқару сұрақтары ықпал етті. Жыл барысында жарияланатын, компанияның есеп

Негізгі қор индекстері, %



берушіліктері әр кез сайын инвесторлардың, 2011 жылға қарағанда белсендірек, акцияларды сатуын ынталандырды, онда негізгі тақырыбы корпоративтік басқару сұрақтарына байланысты болды.


2012 жылдағы қағаз бойынша биржадағы сауда-саттық көлемі 569 млн. теңгені құрады, яғни, 2011 жылмен салыстырғанда 66%-ға үстем болды. Акцияларға деген қызығушылық компанияның ішкі проблемалары реттелгеннен кейін ғана арта түсетіні анық.

“Қазақтелеком” АҚ акциялары бағасының түсуі, 2011 жылдың күзінен, басталып есептік жылдың көктеміне дейін жалғасқан, дивиденд төлер алдындағы алып-сатулардың аяқталуымен және дивиденд төлегеннен кейін бағаның бұрынғы деңгейге түсуіне байланысты болды. 2011 жылдың қыркүйегінде акциялар сатып алған инвесторлар, оларды 2012 жылдың мамырында (дивиденд төлегенге дейін) 80%-дан аса кірістілігімен сатуға мүмкіншілігі болды. “Қазақтелеком” АҚ жай және артықшылықты акциялары бойынша жиынтық сауда-саттық көлемі, 2011 жылмен салыстырғанда,

5,8 млрд теңгеге артып, 16,8 млрд теңгеге жетті.

2012 жылы “Какоммерцбанк” АҚ ссудалық портфелінде жұмыс істемейтін қарыздың үлесі елеулі болып қалды (ҚҰБ ҚҚК мәліметтері бойынша 2012 жылдың соңында ссудалық портфельдің 40%-ға жуығы, бұл көрсеткіш ең ірі үш банктің арасында ең максималдысы), бұл банктің тиімділігіне тікелей ықпал етеді. Жалпы алғанда, “Қазкоммерцбанк” АҚ проблемаларының көбі еліміздің басқа банктердің проблемаларына ұқсас.

2012 жылы “ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру АҚ жай акциялары және “Қазақстан Халық жинақ банкі” АҚ жай акциялары – тиісінше 18,5%-ға және 41,3%-ға өсті. “ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру АҚ акциялары, өндірістік нәтижелерінің бейтараптылығына, сондай-ақ мұнай өндірудің төмендеу болжамына қарамастан, 2012 жылы өзінің инвестициялық тартымдылығын жоғалтпады, бұл негізінде 2011 жылдың төртінші тоқсанында компания бастаған, кері сатып алу бағдарламасының нәтижесі болып табылды.



“Қазақстан Халық жинақ банкі” АҚ 2012 жылдың қорытындысы бойынша, меншікті капиталына тиімділігінің көрсеткіштері, өсу және ссудалық портфель құрылымының қарқыны, жұмыс істемейтін несиелер үлесі бойынша, Қазақстанның ең үздік банкілерінің бірі болып табылады. Банк еліміздің тұрақты жүйе құрушы қаржы институттарының бірі болып қалу ықтимал. 2012 жылдың 14 желтоқсанында банк өз акцияларының 1:10 пропорциясында сплитін жүзеге асырды.


Акциялар нарығының жалпы капиталға айналуы 2012 жылдың соңында, 12,5%-ға төмендеп, 37,9 млрд АҚШ долларын (5,7 трлн. теңгені) құрады. Ресми тізімде түһүрған үлестік қаржы құралдарының саны 9 атауға көбейді. 22 эмитент (соның ішінде тоғыз ЖЗК) листингтен өтті. 13 акция делистингіленді.

Корпоративтік облигациялардың нарығы есептік жылы реттеушілік өзгертулерге шалдықты, атап айтқанда, Тәуекелдерді минимизациялау Заңымен листингілік облигациялардың биржадан тыс орналастырылуына тыйым салынды. Жыл қорытындысы бойынша корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 18,7 млрд теңгеге (+6,4%) өсіп, 313,2 млрд


теңгені құрады, бұл – соңғы үш жылдағы максималды көрсеткіш. 2012 жылы өткізілген 34 арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың көлемі 89,2 млрд теңгеден астам болды, осыға ұқсас 2011 жылдағы көрсеткіш – корпоративтік облигациялар бойынша 7 арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың жалпы сомасы 24 млрд теңгені құрады. Корпоративтік облигациялар нарығындағы капитализация бір жылда 21,4% төмендеп 31,5 млрд АҚШ долларын (4,7 трлн теңгені) құрады. Корпоративтік облигациялардың 2012 жылындағы өтеу көлемі 218,7 млрд теңгені құрады, олардың 126,3 млрд теңгесі еуробондтардың үлесінде болды. KASE нарығында саудаланатын корпоративтік облигациялардың орташа сараланған кірістілігін бейнелейтін, KASE_BY индексі бір жылда 1,7 пайыздық нүктеге төмендеп, жылдық 13,42% құрады. Листингілік облигациялардың саны 14 шығарылымға көбейіп, жыл соңында 231 шығарылым болды, ал эмитенттердің саны 6-ға көбейді. 2013 жылдың басында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 72 эмитенттің облигациялары болды.

2012 жылы қайталама нарықта саудаланған облигациялардың ең белсендісі, мемлекеттік астық трейдері – “Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы” ҰК” АҚ

Шикізат тауарларының бағасы, %



Банктік сектордың акциялары, %



Industrial & Commercial Bank of China

Bank of America

Royal Bank of Scotland

Халық банк

Казкоммерцбанк

Credit Suisse

Банк ЦентрКредит


BBG World Banks

облигацияларының төрт шығарылымы болып табылды. Олардың сауда-саттық көлемі 38 млрд теңгеге жетті.

Корпоративтік қарыз нарығына қарағанда, МБҚ қайталама нарығы 2012 жылы айтарлықтай қысқарды. Нарықтың осы сегментіндегі сауда-саттық көлемі екі есе азайып, 230,1 млрд теңгені құрады, бұл 2001 жылдың деңгейіне сәйкес келеді. Бұл ретте, 2012 жылы қазынашылық

міндеттемелерді биржада орналастыру көлемі, 2011 жылмен салыстырғанда 58%-ға ұлғайып, тарихи максимум – 1,1 трлн теңгеге жетті. 2012 жылдың төртінші тоқсанында Қаржы Министрлігінің облигацияларын нарықта орналастыру арқылы 409 млрд теңгеден астам қаржы тартылды. Айналыстағы МБҚ атаулы құнының жиынтық сомасы бір жылда 18,8%-ға артып, 3,1 трлн теңгені (20,6 млрд АҚШ долларын) құрады.

KASE_BY индексі, жылдық %



KASE_BY


Қаржы Министрлігінің 2012 жылда МБҚ бастапқы нарығында белсенділігі жағдайында, Қаржы Министрлігінің 2012 жылда МБҚ бастапқы нарығында белсенділігі жағдайында, брокерлік компаниялардың МБҚ орналастырылуына қатысуға тыйым салынды, соның салдарынан МБҚ бастапқы нарықтағы сұранымы төмендеді және, тиісінше, сатып алушылар үшін аукциондық кірістіліктің өсуіне қосымша себеп болды. Брокерлердің бастапқы нарықтан кетуі қайталама нарықтағы сауда-саттықтың белсенділігіне жағымсыз ықпал етті, себебі МБҚ жаңа шығарылымдары қайталама нарыққа тек ірі институционалдық ойыншылар – ЖЗҚ, ЕДБ, СК арқылы ғана түсе бастады. Зейнетақы жүйесін реформалаумен байланысты болған, осы сегменттің бұрындағы төмен белсенділігі аясында, мемлекеттік облигациялардың қайталама нарықтағы өтімділігі қосымша қысымға түсті.

Осылайша 2012 жыл барысында қор нарығында, көп жағдайда, нарықтық конъюнктураның нәтижесі болып табылған, ең танымал компаниялардың экономикалық көрсеткіштерінің, операциялық тәуекелдерінің, сондай-ақ, кәсіби ойыншыларын реттеудегі өзгерістер мен белсенділіктерінің төмендеуі сияқты, спецификалық қазақстандық тәуекел-факторлары бейнесін сипаттайтын, көбінесе жағымсыз көріністі байқадық.


Қор нарығымен қатар, KASE ақша нарығы да 2012 жылы біршама турбуленттілікке ұшырады – овернайт мөлшерлемелері кейбір кезеңдерде жылдық 20% асты. Авторепо сегменті ірі ойыншылар (ЖЗҚ және ЕДБ) тарапынан белсенділіктің төмендеуіне шалдықты. Салыстыру үшін: репо операциялары бойынша максималды көлем 2011 жылдың бір айында 1,5 трлн теңгеге жетсе, 2012 жылда осыға ұқсас көрсеткіш 1,2 трлн теңгеден аспады. Зейнетақы жүйесінде болып жатқан өзгерістер, KASE биржалық нарығының барлық “майдандарында” ЖЗҚ белсенділігін төмендетті.

ББҚ-мен репо операцияларының сауда-саттық көлемі 6,4 млрд теңгеге ұлғайып, 58,7 млрд теңгені құрады (соның ішінде 92,7% – авторепо). Бұнда айта кететіні, ББҚ-мен репо нарығының алып-сатарлық құраушысы 2012 жылы өсім көрсетті. Жыл барысында Биржа мүшелерінің өтініші бойынша 41 қаржы құралы (10 акциялар шығарылымы, 31 облигациялар шығарылымы) мерзімі бір күннен отыз күнге дейін авторепо нарығы секторына шығарылды. МБҚ нарығындағы мүмкіншіліктердің төмендеуіне байланысты, бұл ойыншыларға ақша ағымдарын басқаруда көбірек еркіндік берді. ББҚ-мен репо операцияларының өсуі, сондай-ақ, нарықтың осы секторына инвесторлардың сенімі қайта

Корпоративтік облигациялардың өтелуі, млрд теңге



ҚР Қаржы Министрлігінің 2012 жылдағы эмиссиясының ай сайынғы көлемі, млрд теңге




қалпына келтіріліп жатқанын көрсетуші индикатор болды табылды.

Үш айлық депозиттердің банкаралық құнын көрсететін, KazPrime индикаторы, жылдық 2,00-ден 4,00%-ға дейінесті, ал одан қысқарақ ақшалардың индикаторлары – TWINA және TONIA – тиісінше жылдық 1,10-нан 2,70%-ға дейін және 0,94-тен 1,55%-ға дейін өсті.

Шетел валюталарының нарығы 2012 жылда, теңгенің АҚШ долларына қатынасты бағамының құбылуы және Ұлттық Банктің

валюталық нарықта қатысу үлесінің 2011 жылмен салыстырғанда тиісті түрде төмендеуін себебінен, бұдан азырақ көлемдерді көрсетті. ЕДБ осы сегменттегі белсенділігі айтарлықтай өзгермеген. Шетел валюталарының сауда-саттық көлемі 2012 жылы 14,3 трлн теңгені (65% спот, 35% своп) құрады, ал осы көрсеткіш 2011 жылы 15,6 трлн теңгені (76% спот, 24% своп) құраған. Теңге АҚШ долларына қатынасты бір жылда 1,58%-ға құлдырады, 2012 жылдағы негізгі валюталық сессияда жасалған соңғы мәміле бір АҚШ долларына 150,80 теңгені құрады. Теңгеге сатылатын еуроның сауда-саттық

2011 жылдың соңындағы және 2012 жылдағы МБҚ нарығының капитализациясы, млрд теңге




Алматы қ. муниципалды облигациялары

Қаржы Министрлігінің МБҚ

Ұлттық Банктің ноталары

Айналымдағы МБҚ өтеу кестесі, млрд теңге




көлемі едәуір – 2011 жылы 120 млрд теңгеден 2012 жылы 5,2 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бұл ретте ішкі валюталық нарықтағы доминанта бұрыңғыдай теңге-доллар жұбы болып қалды, ал өзге валюталардың үлесіне салыстырмалы аз көлемдер тиесілі болды.

2011 жылмен салыстырғанда биржалық сауда-саттықтың жиынтық көлемі 6,7%-ға

азайып, 27,5 трлн теңгені құрады. Бұндай төмендеу, бірінші кезекте, шетел валюталары нарығы (1,2 трлн теңге) және репо операцияларының нарығы (960 млрд теңге) есебінен болды. Сауда-саттықтың жиынтық көлеміне ең аз әсерін тигізген, МБҚ қайталама нарығындағы белсенділіктің төмендеуі болып табылды, ондағы сауда-саттық көлемі 23 млрд теңгеге дейін төмендеді.

РЕПО нарығының индикаторлары, жылдық %



ҚАРЖЫЛЫҚ
ҚОРЫТЫНДЫЛАР



200

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Банкноттарды қолдан жасау
заңмен құдаланады

200



ЕЖ3466730



ЕКІ ЖҮЗ ТЕНГЕ



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Активтер

Биржалық топтың 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жиынтық активтері 11,5%-ға (306,4 млн теңге) өсіп, 2 967,9 млн теңгені құрады. Активтердің өсуі үлестірілмеген кірістің есебінен болды, оның негізгі бөлігін Биржа ЕДБ депозиттары мен шоттарында орналастырған. Ақшалар және олардың баламалары 2012 жылы екі есе, 49,3 млн теңгеден 101,8 млн теңгеге дейін көбейді.

Орналастырылған салымдардың сомасы 788,8 млн теңгені құрады, бұл 2011 жылдың ұқсас көрсеткішінен 35,2%-ға жоғары. Жыл қорытындысы бойынша осы баптың үлесі жиынтық активтердің 26,6% құрайды.


Биржаның сауда-саттық жүйесін жетілдіруге, сауда-саттық жүйесінің

„Жазылым” арнайы нұсқасын әзірлеуге („Биржаның жобалары мен дамуының іске асуы туралы есеп беру” бөлімін қара.), сондай-ақ төтінші тоқсанда лицензия және Oracle Database мәліметтер базасын басқару жүйесінің бағдарламалық қамтуына жылдық техникалық қолдауын сатып алуға шыққан шығындардың капиталға айналуы бейматериалдық активтердің елеулі өсіміне әкеп соқтырып, 3,3 млн теңгеден 45,2 млн теңге жетті.

Міндеттемелер мен капитал

Биржалық топтың борыштық жүктемесі бұрынғыдай шамалы болып қалды

KASE тобының активтері



– 2012 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық левириджің көрсеткіші 0,17 деңгейінде қалды, бірақ KASE нақты борыштық міндеттемелері, соның ішінде пайыздық, жоқ. KASE жиынтық міндеттемелері 29,2%-дан 429,8 млн теңгеге өсті. Бұл ретте барлық міндеттемелердің 69% (295,8 млн теңге) „Қолданысы шектелген, ақша қаражаттары бойынша Биржа мүшелері алдындағы міндеттемелер” бабына жатқызылған, мұнда Биржа мүшелерінің, KASE корреспонденттік шоттарында орналастырылған, ақша қаражаттары көрсетілген. Бұл көрсеткіш теңгерімнің активті бөлігінде көрсетіледі.


Капиталдың құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ – меншікті капитал, биржалық топтың дамуына қайта

инвестицияланған, үлестірілмеген соманы ұлғайту есебінен, 209,2 млн теңгеге немесе 9,0%-ға артып, 2 538,2 млн теңгеге дейін өсті.

KASE тобының операциялық қызметі

Есептік жылы бір жағынан биржалық топтың операциялық кірістерінің өсуімен және операциялық шығындардың азаюымен – екінші жағынан сипатталды. Кірістер мен шығындар туралы есептің негізгі көрсеткіштерінің жан-жақты бағытталған динамикасы 2012 жылы таза кірістің 210,0 млн теңге көлемінде қалыптасуына негіз болды, яғни, өткен жылмен салыстырғанда

KASE тобының міндеттемелері



30 % артық. KASE 2012 жылдағы операциялық кірістері 1,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыға ұқсас көрсеткішінен 3 %-ға немесе 32,9 млн теңгеге артты.

Қызмет көрсетулер мен комиссиялар бойынша жиынтық кірістер есептік жылы, 74,7 млн теңге немесе 7,4 %-ға өсіп, 1 084,6 млн теңгеге жетті.


2012 жылы Биржа өзінің ұйымдастырушылық құрылымын заңнама талаптарына сәйкестендірді – Биржа мүшелерімен жұмыс жасау бөлімі құрылып, соның құрамында Мониторинг бөлімі бөлініп шығарылды, Клирингтік палата жұмысын бастады („Жобаларды жүзеге асыру және Биржаның дамуы туралы есеп” бөлімін қара.). Жаңа биржалық бөлімдердің құрылуына қарамастан, KASE шығындардың өсімінен аулақ болды. Биржалық топтың операциялық шығындары есептік жылы 30,5 млн теңгеге

немесе 3,4% азайып, 873,7 млн теңгені құрады.

Өткен жылдың көрсеткішіне салыстырғанда шығындардың төмендеуі, дамуға, маркетингтік және PR-қызметіне шыққан шығындарды үнемдеу есебінен жүзеге асты. Бұдан басқа, шығындардың бір бөлігі Биржаның ақпараттық жүйелерін модернизациялау және дамытуға шыққан шығындар бейматериалдық активтер құрамында ескеріліп, негізінде дамытуға шыққан шығындардың төмендеуіне ықпал етті.

Биржа ірі масштабты іс-шарасын – Еуразиялық қор биржалары федерациясының 17-ші Бас Ассамблеясын (FEAS) өткізген 2011 жылмен салыстырғанда, маркетинг пен PR-ға жұмсалған шығындар 87,9 %-ға немесе 16,0 млн теңгеге қысқарып, 1,9 млн теңгені құрады. Осы бап бойынша үнемдеу бірқатар маркетингтік бағдарламалардан бас тарту түрінде болды.

KASE меншікті капиталы



Мүшелік жарналардан түскен кірістер

Мүшелік жарналардан түскен кірісі бір жылда айтарлықтай өзгерген жоқ, 4,2 млн теңгеге (+1,6%) ұлғайып, 276,2 млн теңгеге жетті.

Реттеушілік өзгерістердің („Уақиғалар” бөлімін қара.) және қор нарығында қалыптасқан жағдайдың („Нарық конъюнктурасы” бөлімін қара.) нәтижесінде қор нарығының мүшелері бір жылда 74-тен 60-қа дейін азайды: Биржадағы мүшеліктен 11-і өз еркімен бас тартты, уәкілетті органның шешімімен төртеуі лицензиясынан айырылды және тек бір компания 2012 жылы Биржа мүшелігіне қабылданды. Валюталық нарық мүшелерінің саны өзгерген жоқ, ал қор және мерзімдік нарық мүшелерінің саны қысқарды. Жоғарыда сипатталған себептердің салдарынан кіру мүшелік жарналарының мөлшері 20,7 млн теңгеге немесе 81%-ға азайып,


4,8 млн теңгені құрады. Ай сайынғы мүшелік жарналар 25 млн теңгеге (+10%) өсіп, 271,3 млн теңгені құрады, олардың 88% немесе 239,3 млн теңгесі валюталық нарық мүшелерінен түсті. Биржадағы мүшелік жарналардың мөлшері АЕК көрсеткішін ескерумен есептелетін болғандықтан, ай сайынғы түсімдердің өсуі 2012 жылға АЕК мәнінің 7%-ға (1 512-ден 1 618 теңгеге дейін) көбеюіне байланысты болды.

Осы бап KASE тобының қызмет көрсету және комиссиялар бойынша кірістеріндегі үлесі 26% құрады.

Листингтік алымдардан түскен кірістер

2012 жылдағы Биржаның листингтік алымдары 24%-ға немесе 75 млн теңгеге өсіп, 391,7 млн теңгеге жетті. Эмитенттердің бірінші жарты жылдығындағы

KASE тобының операциялық қызметі



баяу белсенділігі жыл соңында – төртінші тоқсан барысында өтеліп, Биржаның сауда-саттық тізімдеріне 14 эмитенттің бағалы қағаздары енгізілді. Барлығы 2012 жылы KASE листинг процедурасынан 51 атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздары өтті.

2013 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның ресми тізімінде, 125 эмитент шығарған, 333 атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздары болды. Листингтік компаниялар санының өсуіне, өзгесінен басқа, ЖЗҚ листингін талап ету бойынша заңнаманың қабылдануы ықпал етті. Нәтижесінде кіру листингтік алымдарының көлемі абсолюттік мәнінде 42,1 млн теңгеге немесе 31%-ға көбейіп, 155,5 млн теңгені құрады. Бұл ретте жыл сайынғы листингтік алымдардың сомасы 236,2 млн теңгені құрап, 2011 жылдағы осы көрсеткіштен 32,9 млн теңгеге (+ 16,2%) артты.

Есептік жылдағы листингтік алымдар бойынша кірістердің KASE тобының қызметтер көрсету және комиссиялар кірістеріндегі үлесі 31,4%-дан 36%-ға дейін өсті.

Комиссиялық алымдардан түскен кірістер

Комиссиялық алымдардың 2012 жылдағы жиынтық мөлшері 253,4 млн теңгені құрап, өткен жылдың деңгейінде (өсімі 0,3%) қалды. Бұл ретте комиссиялық алымдардың құрылымы нарық конъюнктуресының өзгеруімен қатар бірқатар өзгерістерге шалдықты. Атап айтқанда, беймемлекеттік бағалы қағаздар нарығынан түсімдер айтарлықтай көбейді – комиссиялық алымдардың осы сегменттегі сомасы 33,9 млн теңгеге немесе 48,9%-ға өсіп, 103,4 млн теңгені құрады.

Үлестік бағалы қағаздардың сауда-саттығында жасалған мәмілелерден есептелетін

KASE тобының 2012 және 2011 жылдардағы қызметтер мен комиссиялардан түскен кірістерінің құрылымы


Листингтік алымдар

Мүшелік жарналар

Комиссиялық алымдар

Ақпараттық қызметтер көрсетуден және бағдарламалық қамтуларды әзірлеуден түскен кіріс

Қашықтан кіру қызметін көрсетуден түскен кіріс



2012-дегі қызмет көрсетулер мен комиссиялардан түскен кіріс: 1 084,6 млн теңге

2011-дегі қызмет көрсетулер мен комиссиялардан түскен кіріс: 1 009,9 млн теңге

комиссиялық алымдардың мөлшері 37,9 млн теңгеге жетіп, 2011 жылдағы осы көрсеткіштен 2,7 есе (23,6 млн теңгеге) артты, бұл ең алдымен тұрақты жасала бермейтін, сомасы 96 млрд теңгеге, ірі мәмілелердің жасалуымен, сондай-ақ „Қазақтелеком“ АҚ жай және артықшылықты акциялары бойынша 2011 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд төлеу алдында көп мәмілелер жасалуымен байланысты болды.

2012 жылы корпоративтік облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша 65,2 млн теңге сомасына комиссиялық алымдар алды, бұл 2011 жылдағы көрсеткіштен 16,2 млн теңгеге немесе 33%-ға артық. Осы көрсеткіштің өсуі жасалған тікелей мәмілелердің саны едәуір өскенімен байланысты, олар бойынша комиссиялық алымдар 28,5 млн теңгені құрады.

Арнайы-мамандандырылған сауда-саттықтар бойынша алынған комиссиялық алымдардың сомасы 2012 жылы 21,2 млн теңгені құрады, бұл 2011 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 10,7 млн теңгеге немесе на 33,5%-ға төмен. Көрсеткіштің осыншама төмендеуі „Халықтық IPO“ бағдарламасы шегінде өткізілген „ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларына және „Кселл“ АҚ жай акцияларына жазылым ұйымдастыру үшін 10,3 млн теңге көлемінде алынған алымдармен өтелді.

Комиссиялық алымдар түсімінің қысқаруын 2012 жылда МБҚ нарығы көрсетті. Мұндағы алынған алымдардың нақты көлемі 46,4 млн теңгені құрап, 2011 жылдағы осы көрсеткішінен 49,5%-ға кем болды. МБҚ қайталама нарығындағы белсенділік, 2012 жылдың 01 қаңтарынан бастап енгізілген, зейнетақылық қорларды пруденциалды реттеушілікке енгізілген өзгертулерге және мультипортфельді жүйеге ауысуға, сондай-ақ, есептік жылдағы, алдыңғы жылдармен салыстырғанда, МБҚ бастапқы нарығындағы рекордтық жоғары мөлшерімен байланысты болды.

Есептік жылдың қорытындысы бойынша репо операцияларының нарығынан алынған комиссиялық алымдардың сомасы 63,9

млн теңгені құрап, бір жылда 8,3 млн теңгеге немесе 14,9%-ға артты.

Жалпы алғанда комиссиялық алымдардың KASE тобының қызметтер көрсету және комиссиялары бойынша кірістеріндегі үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ және 23,4% деңгейінде қалыптасты.

Ақпараттық өнімдерді сатудан түскен кірістер

2012 жылдың қорытындысы бойынша KASE тобының ақпараттық қызметтер көрсетуден түскен кірістері 145 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 0,9%-ға немесе 1,3 млн теңгеге азайған.

Бұл ретте Биржаның сауда-саттық ақпаратын сатудан түсірген кірісі 35,4 млн теңгені құрап, бір жылда 7,8%-ға кеміді. Bloomberg және Thomson Reuters ақпараттық агенттіктердің төлемдері 34,7 млн теңге баламасымен бағаланады, олардың 23,3 млн теңгесі пайдаланушылық алымдардың үлесінде, ал 11,4 млн теңгесі лицензиялық алымдар болып табылады. 2012 жылдың 31 желтоқсанына Bloomberg және Thomson Reuters терминалдары арқылы мәліметтер алатын, пайдаланушылардың саны 250 жетті, ал Биржа сайтының ақылы ресурстарын пайдаланушылар саны 49 болды. Жыл қорытындысы бойынша KASE ақпаратын алушылардың ең көп шоғырланған елдері АҚШ (35,8%), Ұлыбритания (24,7%), Қазақстан (15,4%) және Гонконг (7,7%) болды.

Маңызды уақиғалардың арасынан 2012 жылдың 06 қарашасында Вена қор биржасымен, KASE сауда-саттығында саудаланатын, қазақстандық компанияларының акциялары бойынша есептелетін, KTXLocal индексі есептеуі және таратуы туралы келісім-шарттына қол қоюды атап өту қажет.

Ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кірістерді KASE тобының қызметтер көрсету және комиссиялық алымдардан түскен кірістеріндегі үлесі болар-болмас төмендеп, 13,4% құрады

KASE еншілес ұйымдары

„Ирбис” Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі” ЖШС

2012 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның еншілес компаниясының операциялық кірісі, ақпараттық қызметтер көрсетулерден түскен кірістердің өсуі есебінен, 13,7 млн теңгеге (+16,4%) артып 97,3 млн теңгеге жетті. Ең үлкен, 3,5 есеге жуық, өсімді агенттіктің сайтының ақылы бөлімдеріне рұқсат алуларды сатудан болды. кірісті көбейтуде қосалқы таратушыларға ақпараттар сатудан түскен кірістердің 4,9 млн теңгеге (+80%) артып, 11,1 млн теңгеге жеткені маңызды рөл атқарды.

Өткен жылдың ұқсас көрсеткішіне қатынасты шығындардың азынаулық өсімін айта кеткен жөн, олар 2,8 млн теңге (+4,0%) артып, 73,7 млн теңгені құрады. Бұл ретте агенттіктің таза пайдасы 2011 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда екі есеге немесе 9,6 млн теңгеге үстем болып, 18,9 млн теңгеге жетті.

Есептік жылы агенттіктің активтері 16,4 млн теңгеге (+29,4%) өсіп, 71,9 млн теңгені құрады, ал меншікті капиталы, үлестірілмеген кірістің сомасының өсуі нәтижесінде, 14,0 млн теңгеге (+35,1%) көбейіп, 53,7 млн теңгені құрады.

„eTrade.kz” ЖШС

Бағалы қағаздардың қазақстандық нарығының кәсіби қатысушыларымен қолданылатын, бағдарламалық қамтуын әзірлеу, қолдау және модификациялауды жүзеге асыратын KASE еншілес ұйымы – “eTrade.kz” ЖШС – есептік жылы операциялық кірістерінің шамалы өсімін көрсетті, олар 2012 жылы 34,9 млн теңгені құрап, бір жылда 3,8%-ға артты, ал шығындары азынаулық 29,4 млн теңгеге (-1,1%) дейін төмендеді.

Компанияның активтері 2,6 млн теңгеге (+7,8%) өсіп, 36,4 млн теңгені құрады. Меншікті капиталы 2,1%-ға артып, 29,5 млн теңгеге жетті.

Есептік жылы кіріске салынатын салыққа шыққан шығындардың өсуі себебінен, таза пайда 28,1%-ға немесе 2,0 млн теңгеге дейін кеміді.

KASE еншілес ұйымдары (өзгесі белгіленбесе, көрсеткіштері млн теңгемен көрсетілген)

Бап	ИРБИС	eTrade.kz
Операциялық кірістер	97,3	34,9
Операциялық шығындар	73,7	29,4
Таза пайда	19,0	2,0
Операциялық маржа	26,7%	21,9%
Таза пайданың маржасы	21,5%	8,2%

Қаржылық есеп

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп (бір акцияға теңгемен көрсетілген кірістен басқасы, мың қазақстандық теңгемен)

Ескерту	2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	
Қызмет көрсетуден келтірілген кіріс пен алынған комиссиялар	4, 20	1 084 621	1 009 923
Пайыздық кіріс	6	40 631	95 522
Активтердің құнсыздануына қалыптастырылатын қорлар және басқа операциялар бойынша есептелетін пайыздар	5	(10 285)	(6 660)
Шетелдік валютамен жүргізілген операциялар бойынша келтірілген таза (шығын)/кіріс		(151)	531
Сатуға қолдағы бар инвестициялардың құнсыздануынан келтірілген шығын		–	(6 761)
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бойынша таза шығын	14	(1 522)	35
Қауымдасқан ұйымның кірісіндегі/(шығынындағы) үлесі		33 681	21 470
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС		1 146 975	1 114 060
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫН	7, 20	(873 733)	(904 224)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		273 242	209 836
Кіріске салынатын салық шығыны	8	(63 208)	(47 691)
ТАЗА КІРІС		210 034	162 145
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ КІРІС			
базалық және тоғырландырылған (теңге)	9	385,38	299,94
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН			
Сату үшін қолдағы бар инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген таза шығын		(855)	(10 090)
Кіріс немесе шығын құрамына ауыстырылған, қайта бағалаудан келтірілген шығын		–	6 761
ЖИЫНТЫҚ КІРІСТІҢ БАРЛЫҒЫ		209 179	158 816

http://www.kase.kz/files/for_shareholders/kasef6_2012.pdf жарияланған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп (мың қазақстандық теңгемен)

	Ескертулер	31 желтоқсан 2012 жыл	31 желтоқсан 2011 жыл
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10, 20	101 756	49 257
Қолданысы шектеулі, ақша қаражаты		295 790	224 780
Банктердегі қаражат	11	788 784	583 323
Сату үшін қолда бар инвестициялар	12	21 277	21 622
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	13	71 249	105 302
Қауымдасқан ұйымға салынған инвестициялар	14	138 813	140 335
Төленген аванстар		1 421	12 195
Негізгі құралдар	15	1 384 872	1 395 642
Материалдық емес активтер		45 184	3 331
Ағымдағы кіріс салығы бойынша талаптар		25 687	56 673
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша талаптар	8	–	142
Өзге активтер	16, 20	93 075	68 942
АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		2 967 908	2 661 544
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер		295 790	224 780
Алынған аванстар		66 529	52 210
Ағымдағы кіріс салығы бойынша міндеттемелер		4 409	2 229
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша міндеттемелер	8	24 005	19 417
Өзге міндеттемелер	17, 20	39 017	33 929
Міндеттемелердің барлығы		429 750	332 565
КАПИТАЛ:			
Акционерлік капитал	18	517 291	517 291
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры		(6 244)	(5 389)
Өзге қорлар		170 000	170 000
Үлестірілмеген кіріс		1 857 111	1 647 077
Капиталдың барлығы		2 538 158	2 328 979
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		2 967 908	2 661 544

http://www.kase.kz/files/for_shareholders/kasef6_2012.pdf жарияланған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Капиталдың өзгеруі туралы шоғырландырылған есеп берушілік (мың қазақстандық теңгемен)

	Акционерлік капитал	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры	Өзге қорлар	Үлестірілмеген кіріс	Капиталдың барлығы
2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	406 244	(2 060)	170 000	1 515 452	2 089 636
Сату үшін қолда бар, инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген шығын	–	(10 090)	–	–	(10 090)
Кіріс немесе шығын құрамына аударылған, құнсызданудан келтірілген шығын	–	6 761	–	–	6 761
Жылдағы таза кіріс	–	–	–	162 145	162 145
Жылдағы жиынтық кірістің барлығы	–	(3 329)	–	162 145	158 816
Жай акциялардың шығарылымы	111 047	–	–	–	111 047
Жарияланған дивиденд	–	–	–	(30 520)	(30 520)
2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	517 291	(5 389)	170 000	1 647 077	2 328 979
Сату үшін қолда бар, инвестицияларды қайта бағалаудан келтірілген шығын	–	(855)	–	–	(855)
Жылдағы таза кіріс	–	–	–	210 034	210 034
Жылдағы жиынтық кірістің барлығы	–	(855)	–	210 034	209 179
2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	517 291	(6 244)	170 000	1 857 111	2 538 158

http://www.kase.kz/files/for_shareholders/kasef6_2012.pdf жарияланған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (мың қазақстандық теңгемен)

Ескертулер	2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
	273 242	209 836
Салық салынғанға дейінгі кіріс		
Ақшалай емес баптарға енгізілген түзетпелер:		
Активтердің құнсыздануына құрылған резерв	10 285	6 660
Негізгі құрал нысандарының шығуынан келтірілген шығын	2 129	9 296
Қауымдасқан ұйымның кірісіндегі үлесі	1 522	(35)
Сату үшін қолда бар инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі	–	(878)
Сату үшін қолда бар инвестициялардың құнсыздануынан келтірілген шығын	–	6 761
Есептелген пайыздардың таза өзгеруі	(6 330)	4 945
Тозу және амортизация	58 350	42 690
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағымы	339 198	279 275
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі		
Операциялық активтердің (ұлғаюуы)/азаяуы:		
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты	(71 010)	(194 004)
Банктердегі қаражат	(198 000)	484 685
Төленген аванстар	10 774	66 066
Өзге активтер	(34 928)	(16 029)
Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаяуы		
Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер	71 010	194 004
Алынған аванстар	14 319	3 643
Басқа міндеттемелер	5 088	(832)
Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі	136 451	816 808
Төленген кіріс салығы	(25 312)	(42 759)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза жылыстауы	111 139	774 049
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
	15	(1 248 988)
Негізгі құралдарды сатып алу	(49 350)	(1 248 988)
Материалды емес активтерді сатып алу	(42 212)	(253)
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім	32 922	99 117
Қауымдасқан ұйымдарда қосымша үлестер сатып алу	–	(13 740)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының таза жылыстауы	(58 640)	(1 163 864)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
	–	109 616
Жай акциялардың шығарудан түскен түсімдер	–	(29 945)
Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу	–	
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі	–	79 671
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮУЫ/ (АЗАЮУЫ)	52 499	(310 144)
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басына	10	49 257
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	10	49 257

2012 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған және 2011 жылдардағы Топтың алған пайыздық табысы 34 301 теңге және сәйкесінше 100 467 теңгені құрайды.

http://www.kase.kz/files/for_shareholders/kasef6_2012.pdf жарияланған ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

KASE 2012 жылға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есеп www.kase.kz жарияланған.



ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ
БИРЖАНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУШІЛІК

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АНКНОТТАРДЫ ҚОЛДАН ЖАСАУ
НІМЕН ҚУДАЛАНАДЫ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

5000 ТЕНГЕ

5000 ТЕНГЕ



ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ БИРЖАНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУШІЛІК


Халықтық IPO

KASE басты жобаларының бірі – „Халықтық IPO” бағдарламасына қатысу болып табылады. Бағдарлама 2012 жылдың күзінде басталды. Қазақстан тұрғындары және ЖЗҚ арасында акциялары орналастырылған


алғашқы компания „ҚазТрансОйл” АҚ болды. Осы жоба отандық қор нарығына оң қарқын беруге қабілетті, және, алғашқы тәжірибе көрсеткендей, бастамасы өте табысты болды.

Биржаның сауда-саттық жүйесіне өтімдер түсу динамикасы

Өтімдер саны, мың дана



Жинақталған өтімдер көлемі, млрд теңге




Осы бағдарламаның мынадай жағымды ықпалын атап өткіміз келеді:

- KASE қор нарығында бөлшектік инвесторлардың саны ұлғаюы – „ҚазТрансОйл“ АҚ акцияларын орналастыруға 34 мың адам қатысты;
- тұрғындар үшін тұрақты компанияларға және қазақстандық экономика секторына инвестициялау және бағалы қағаздардың дивиденділік төлемдері мен бағамдық құнының өсуі бойынша үміттерінің ақталу мүмкіндігі пайда болды;
- өз акцияларын ұйымдастырылған нарықта орналастыратын мемлекеттік компаниялардың, KASE листинг процедурасынан өтуі және әрі қарай листингілік компания ретінде қызметтерін жүзеге асырғанда, өз қызметі туралы ақпаратты толық ашуы арқылы айқындығының артуы;
- мемлекеттік компанияларды қор нарығына шығару бойынша тәжірибе жинау – мемлекеттік және жекеменшік сектордың қазақстандық компанияларының бағалы қағаздарын орналастыру үшін жағымды фактор болып табылады;
- тұрғындар арасында инвестициялық мәдениеттің тәжірибелік қалыптасуы және қаржылық сауаттылық деңгейін жоғарылату;
- тұрғындар жинақтарын диверсификациялаудың қосымша құралы;
- қор нарығының мүшелері болып табылатын, қаржы компаниялардың бизнес-тәжірибесінде бөлшектік сауда сегментінің рөлін арттыру.

Мұнай тасымалдау аясында монополист болып табылатын, „ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларын сатып алуға өтінімдер кітабы

„ҚазТрансОйл“ АҚ акционерлерінің IPO өткізілгеннен кейінгі құрылымы



2012 жылдың 06 қарашасында ашылды. IPO өткізудің әлемдік практикасында өтінімдер кітабын арнайы жалданатын инвестициялық банктер жүргізеді, олардың мақсатына орналастырудың табысты өтуі де кіреді. Алайда, мемлекеттік бағдарламаның маңыздылығын, сондай-ақ қазақстандық бағалы қағаздар нарығының ерекшелігін ескере отырып, „ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларын сатып алуға өтінімдер беру кітабын Биржа жүргізді. Биржа мүшелері болып табылмайтын, жеке тұлғалар мен ЖЗҚ өз өтінімдерін, KASE қор нарығының мүшесі болып табылатын, брокерлер арқылы берді. „ҚазТрансОйл“ АҚ акцияларын сатып алуға өтінімдер кітабын қалыптастыруға 22 брокерлік компания және 10 ЖЗҚ қатысты.

„ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларына жиынтық сұранымы ұсынымнан екі еседен астам болып, 59,4 млрд теңгені құрады. Жазылым қорытындысы бойынша, бір адамға рұқсат етілген максималды көлеміндегі (7 млн. теңге) жеке тұлғалардың өтінімдерінің 100% қанағаттандырылды. Өтінімдер бойынша 7-миллиондық шектелімнен асқан, қанағаттандырылмаған

сұранымның көлемі 71,6 млн. теңгені құрады. Акциялардың қорытынды бөлінуі келесідей болды: 22 млрд теңгеден астам сомадағы акцияларды жеке тұлғалар сатып алды, ЖЗҚ 5,7 млрд теңге көлемінде, маркет-мейкер өтімділікті қолдау бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында 157 млрд теңге сомадағы акцияларды сатып алды.

25 желтоқсанда „ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларының қайталама сауда-саттығы ашылды. Бір апта сауда-саттықта аталмыш акциялардың бағасы бір акцияға 837,00 теңгеге дейін өсті, бұл орналастыру бағасынан (бір акцияға 725,00 теңгеден) 14%-ға үстем. Бұл ретте ойыншылардың көбі, соның ішінде зейнетақы қорлары, әрі қарай баға өсімін күтіп, жазылым кезінде сатып алған көлемнен үстем өз жайғасымдарын көбейтті.

„ҚазТрансОйл“ АҚ акцияларының „Халықтық IPO“ бағдарламасы шегінде табысты орналастырылуы Қазақстанның қор нарығы үшін теңдессіз іс-шараларды қолданумен шартталады. Жоба бірегей болғандықтан, KASE қызметінің бірнеше бағыттары

Қайталама нарықта „ҚазТрансОйл“ АҚ жай акцияларының сауда-саттықтың ашылуы (сол жақта Болат Закиров, „ҚазТрансОйл“ АҚ Бас директорының даму жөніндегі орынбасары; оң жақта: Қадыржан Дамитов, KASE Президенті)



бойынша жұмыстар атқарылды: жазылым жүргізу ережелерін әзірлеу және жан-жақты мақұлдау, „Жазылым” арнайы сауда-саттық модулін қамтитын, арнайы бағдарламалық қамтуды әзірлеу, өтінімдердің көптеген санын қабылдау және өңдеуге сауда-саттық жүйесін тестілеу. Технологиялық және нормашығармашылық қызмет KASE мүшелеріне және тұрғындарға ақпараттық және білім берушілік қолдаумен қосталды. KASE қор нарығының қатысушыларына, әлеуетті және нақты бөлшектік инвесторларға, сондай-ақ БАҚ арналған бірқатар ақпараттық-түсіндіру іс-шаралар өткізілді. Бұдан басқа, KASE жетекшілігі „ҚазТрансОйл” АҚ роуд-шоуына қатысты. Осы жұмыстардың барлығы Биржа үшін өз операциялық қызметін сапалы жоғары деңгейге көтеру және өз инфрақұрылымын әрі қарай дамуға және компаниялардың болашақтағы орналастыруына дайындыққа бірегей мүмкіндік болып табылды. Мұнда айта кететіні, жазылым барысында Биржада бірде-бір техникалық немесе операциялық жаңылыс орын алған жоқ.

Листингілік компаниялар және қаржы құралдары

2013 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша бір жылда листингілік компаниялардың саны 21-ге көбейіп, 125 компания болды, олардың 78 үлестік бағалы қағаздардың эмитенттері және 72-сі – борыштық бағалы қағаздардың эмитенттері болып табылады. Салыстырмалы түрде 2011 жылда листингілік компаниялардың саны 5-ке кеміген. 2012 жылдың соңында KASE тізімдерінде беймемлекеттік бағалы қағаздардың 333 атауы болды – 102 акциялар шығарылымы және 231 корпоративтік облигациялардың шығарылымдары. 2011 жылмен салыстырғанда қаржы құралдарының саны 7,8%-ға (+ 24) ұлғайды.

Мұндай өсім енгізілген реттеушілік өзгертулермен де, корпоративтік сектордың компанияларының KASE қор нарығына белсендірек шығуымен де шартталды.

2012 жылы заңнаманың жаңа талаптарына сәйкес, зейнетқақы қорлары KASE листинг процедурасынан өтуі тиіс болды. Бұл талапты ЖЗҚ орындады. Осылайша, осы есепті құрастыру сәтіне, он ЖЗҚ акциялары Биржаның ресми тізімінің акциялар секторының үшінші санатына енгізіліп, тұрғындардың зейнетақылық активтерінің операторларына қатысты ақпараттардың толығырақ ашылуы тұрғысынан бұл жағымды жайт болып табылды.

Инвесторлық база

Бағалы қағаздар нарығының инвесторлық базасының өсуі жағынан 2012 жыл теңдесі жоқ ерекше жыл болды. Орталық депозитарийде жаңадан ашылған инвесторлар шоттарының саны, сондай-ақ „Халықтық IPO” қатысқа азаматтардың саны KASE қор нарығында бөлшектік сауда-саттықтың дамуы бойынша едәуір әлеуеттің және болашақтың бар екендігін дәлелдеді. Қор нарығына тұрғындарды тарту бойынша кеңінен өткен, соның ішінде Биржаның қатысуымен өткен, кампания оң нәтижесін берді.

2012 жылдың соңында Орталық депозитарийде ашылған жеке тұлғалар шоттарының саны 52 231 жетіп, бір жылда 42 343 шотқа немесе 5,3 есе көбейді.

Инвесторлық базаны кеңейту бойынша 2012 жылдағы жұмыс негізінен қор нарығының популяризациясы аспектілеріне қатысты көпшілікке арналған іс-шаралар, тұрғындармен түсіндірушілік және кеңес берушілік жұмыстарын жүргізу, KASE жоғары оқу орындарында ұйымдастыратын презентациялар арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат

құралдарымен өткізілетін жұмыс арқылы жүргізілді.

Биржаның PR-науқаны


Өткен жыл жұртшылықпен байланыс сұрақтарына қатысты, уақиғалар мен жобаларға бай болды. Жобалардың ең маңыздысы „Халықтық IPO” бағдарламасына ақпараттық қолдау көрсету болып табылды, осы бағдарлама шегінде:


- IPO сұрақтары бойынша кеңес берушілік тобы құрылды;
- KASE сайтында „Халықтық IPO” арнайы беті әзірленді;
- „Халықтық IPO” бағдарламасы бойынша ресурстарды және ақпараттарды жылжытуды қолдау бойынша жұмыс ұйымдастырылды, көптеген түсіндіру материалдары дайындалып, жарияланды;

Орталық депозитарийде ашылған, жеке тұлғалар шоттары санының және биржалық сауда-саттықтарға қатысушылар санының динамикасы

Жеке тұлғалар шоттарының саны, ОД ашылған, (мың, сол жақта)

Жеке тұлғалар шоттарының саны – KASE мәмілелеріне қатысушылары (оң жақта)





ҚМЭБИ Университетінде өткен қор нарығының ашық есіктер күні

- Нарыққа қатысушылармен, БАҚ және инвесторлармен семинарлар және білім берушілік кездесулер ұйымдастырылды;
 - „ҚазТрансОйл“ АҚ және „Кселл“ АҚ жай акцияларының қайталама нарығында сауда-саттық ашу бойынша алғашқы салтанатты іс-шаралар өткізілді.
- „Халықтық IPO“ бойынша тұрақты ақпараттық қолдау көрсетуден басқа, Биржа эмитенттерімен және Биржа мүшелерімен



„Кселл“ АҚ жай акцияларының қайталама нарықта сауда-саттығын ашу бойынша іс-шара барысында (сол жақтан оң жаққа қарай: Арнат Әбжанов, „НалыкFinance“ АҚ Басқармасының мүшесі; Вейсел Арал, „Кселл“ АҚ Бас атқарушы директоры; Қадыржан Дамитов, KASE Президенті, Еркебұлан Төлепбергенов, „НалыкFinance“ АҚ Басқармасының Төрағасы, Андрей Цалюк, KASE Вице-президенті)

серіктестікті нығайту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп отырды. Нарықты қатысушылармен және листингтік компаниялармен заңнаманың өзгеруі сұрақтары бойынша бірнеше дөңгелек үстелдер, корпоративтік басқару сұрақтары бойынша семинарлар, сондай-ақ KASE қызметкерлерінің өздеріне арналған техникалық семинарлар ұйымдастырылып, өткізілді.

2012 жылдың 19 мамырында ҚМЭБИ Университетінің негізінде бөлшек инвесторларға арналған алғашқы ірі масштабты іс-шара – „Қор нарығының ашық есіктер күні“ өткізілді. Осы іс-шараға 300 адам қатысты, осы жайт қор нарығына тұрғындардың қызығушылығының деңгейін көрсетті.

Есептік жылдың көктемі мен күзінде „ИР-БИС“ ақпараттық агенттігі KASE қолдауымен KASE оқу сауда-саттық жүйесінде „Биржалық ынталандырушы“ байқауын өткізді, осы шараға 300-ден астам адам қатысты, ал байқау шегінде жасалған мәмілелердің саны 12,5 мыңнан асты. „Биржалық ынталандырушы“ Қазақстанның 9 қаласын және 20-дан астам жоғарғы оқу орындары қамтыды. Осы байқаулардың жеңімпаздары кейін KASE түрлі құрылымдық бөлімшелерінде машықтанды.

Жоғарыда аталған PR-жобалардың іске асуы, 2012 жыл қор нарығын тұрғындар арасында танымал ету, KASE брэндін жылжыту және еліміздегі инвестициялық мәдениетті қалыптастыруға ынта беру тұрғысынан табысты жыл деп сипаттауға мүмкіндік береді.

Өтімділікті арттыру бойынша жұмыс

2012 жыл барысында маркет-мейкерлер институтын реформалау бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Осы жұмыстың қорытындысы деп, KASE Биржалық кеңесінің 2012 жылдың 26 қарашасындағы шешімімен бекітілген, „Маркет-мейкерлер туралы

қағида“ (әрі қарай осы бөлімде – Қағида) атты жаңа ішкі құжатын айтуға болады. Қағида маркет-мейкерлердің Биржадағы қызметінің шарттары мен тәртібін жетілдіру мақсатында әзірленген. Мазмұны ұқсас алдында қолданыста болған құжатпен салыстырғанда, Қағиданың бірқатар түбегейлі айырмашылықтары бар, олар төменіректе аталған.

Бағалы қағаздардың өтімділігін ұлғайту және маркет-мейкерлердің „нарықты қалыптастыру“ бойынша өз функцияларын орындау мақсатында, бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулері бойынша спредтарының максималды мәндері азайтылды: өтімділігі бірінші кластағы немесе ресми тізімнің ең жоғарғы санатында тұрған акциялар бойынша 7%-дан 4%-ға дейін, өтімділігі екінші және үшінші кластағы акциялар бойынша 10%-дан 4%-ға дейін, „таза“ бағасымен саудаланатын, облигациялардың кірістілігі бойынша 4-тен 3 пайыздық нүктеге, және „таза емес“ бағамен саудаланатын бағалардың бағасынан 8%-дан 5%-ға дейін кеміді.

Бағалы қағаздар бойынша ең үздік маркет-мейкерлік баға белгілеулердің минималды көлемдері бойынша талаптар: борыштық бағалы қағаздар бойынша АЕК 1000-еселі көлеміне дейін, және үлестік бағалы қағаздар бойынша АЕК 2000-еселі көлеміне дейін, тиісінше 2000-еселі және

3000-еселі АЕК көлемдерінен төмендетілді. Бірақ мәмілелер көлемі бойынша талаптар көтерілді, соған жеткенде бағалы қағаздардың маркет-мейкерлері міндетті баға белгілеулерін (осы атаудағы бағалы қағаз бойынша бір минималды міндетті баға белгілеуінің бес еселі көлемінен) жариялаудан бас тартуға құқылы;

Маркет-мейкерлердің өз міндеттерін орындамағаны және (немесе) уақытылы орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемдерінің мөлшері де өзгерді. Қағидаға сәйкес, тіркелген тәртіп бұзушылықтың ұзақтығына қарай

– 60 минут, 60 минуттан астам, бірақ сауда-саттық сессиясының ұзақтылығынан аз, және бір сауда-саттық сессиясы барысында – тиісінше 50, 100 және 200 АЕК көлемін құрайды. Бұл ретте маркет-мейкерлердің, қаржы құралының бағасы ауытқуына байланысты, міндетті баға белгілеулерін жариялаудан бас тарту мүмкіншілігі қосымша енгізілді.

Қағида ҚҰБ ҚҚК 2012 жылдың 28 желтоқсанында келісіліп, 2013 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Жобалардың дамуы



Қашықтан KASE мүшесі болу

2011 жылдың қазан айында Биржа Басқармасымен бекітілген, „Қашықтан KASE мүшесі болу” жобасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау шегінде (Remote Membership, бұдан әрі – RM жобасы) 2012 жыл барысында келесідей жұмыстар атқарылды:

- Биржаға қашықтан мүше болуға үміткерлерге қойылатын талаптардың жобалары әзірленді;
- шетелдік заңды тұлғалардың KASE мүшесі болуы туралы типтік келісім-шарты әзірленіп, Биржа Басқармасымен бекітілді;
- қашықтан мүше болудың тәуекелдері және оларды минимизациялау үшін қолданылатын ықтимал шаралар анықталды;
- Биржаның қашықтан мүшелеріне биржалық сауда-саттыққа қатысуына рұқсаттың техникалық тұрғысынан іске асу механизмі транзакциялық FIX-шлюзі арқылы қамтамасыз етілді.

Есептік жылдың маусым айында Биржа қазіргі KASE мүшелерін осы жобаның концепциясымен таныстырып, Биржа клиенті үшін маңыздылығы жағынан сұрастыру жүргізді. Сұрастыру нәтижесінде респонденттердің басым бөлігі (87%) Биржада RM жобасының іске асыру қажеттілігі туралы пікірлерін білдірді.

Акциялар және корпоративтік облигациялар нарығындағы шетелдік капитал, брутто-айналымнан %



Резиденттер

Резидент емес –
жеке тұлғалар

Резидент емес –
заңды тұлғалар

Биржа мен Корей биржасы (KRX) арасындағы екі жақты ынтымақтастығы шегінде, KRX мамандарымен RM жобасының іске асу шарттары мен тәртібі бойынша кеңес беру-кездесулері өткізілді, KRX „Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының дамуы“ Кеңес берушілік баяндамасы талқыланды, осы баяндама тарауларының бірі „Қашықтан мүшелік етуге қойылатын талаптар“ тақырыбына арналған.

Бұдан басқа, жыл бойы белсенді нормашығармашылық жұмысы жүргізілді: осы жобаның Биржада енгізілуі кезінде өзгертуге жататын ішкі құжаттардың тізімі анықталды, Биржадағы мүшелік туралы негізгі құжатқа, қашықтан Биржа мүшесі болуға үміткерлерге және қашықтан мүше болғандарға қойылатын айрықша талаптар, шектеулер және шарттары бөлігінде, енгізілетін ұсыныстар мен қосымшалар әзірленді.

Екінші деңгейдегі саудасаттыққа қатысушыларға Биржа нарықтарына тікелей кіруі

2012 жылы екінші деңгейдегі саудасаттыққа қатысушыларға және Биржа мүшелерінің клиенттеріне Биржа нарықтарына тікелей кіру (Direct Market Access, бұдан әрі – DMA жобасы) жобасы бойынша жұмыс жалғастырылды.

2012 жылдың сәуір айында Биржалық кеңес Биржа мүшелерінің клиенттеріне қаржы құралдарының ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру концепциясы назарға алды. Осы концепцияны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын Биржа Басқармасы 2012 жылдың 30 мамырында бекітті.

Есептік жылы DMA жобасын жүзеге асыру тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі алынды, жыл бойы екінші деңгейдегі саудасаттыққа

қатысушыларға Биржа нарықтарына тікелей кіру тәртібін реттейтін, ішкі құжаттың жобасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Осы жобаның техникалық құраушысын іске асыру шегінде 2012 жылы FIX 2.0 транзакциялық шлюзінің нұсқасы қолданысқа беріліп, алдыңғы нұсқасына қатысты келесідей өзгертулер мен толықтырулар іске асырылды:

- Java-кітапханасын қолдау мүмкіншілігі қосылды;
- өтімдер беру және мәмілелер жасасу үдерістеріне ілесе жүретін, хабарламалар жүйесі аяғына дейін жасалды;
- сервис жұмысының тұрақтылығы ұлғайтылды.

Бұдан басқа, есептік жылы виртуалды жұмыс станциясының сырттан пайдаланушылары үшін „Транзакциялық FIX-шлюзі“ тестілік серверінің қолданысқа берілуі жүзеге асырылды.

2013 жылы осы жоба бойынша жұмыстар жалғастырылады, атап айтқанда жеке инвесторларға бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына тікелей кіру үшін СЖ қолдану бойынша келісім-шарт жобасын Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының қарауына ұсыну жоспарланып отыр. Болашақта жобаны іске асыру үшін, бұл құжатты „eTrade.kz“ ЖШС жолдау жоспарланды.

Шетелдік инвесторларды тарту

Қазақстанның қор нарығындағы шетелдік капиталдың үлесінің азаю тенденциясы бар. „Халықтық IPO“ бағдарламасының старты аясында, шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық нарыққа бегілі қызығушылығы бар болуына қарамастан, шетелдік капиталды пайдаланумен

өтетін, KASE сауда-саттықтардың айтарлықтай көлемдері жоқ.

Шетелдік инвесторларды тартуға қатысты, елеулі уәкігалардың арасында KASE өкілдерінің Ресей Федерациясындағы қор нарығының дамуына арналған іс-шараларға қатысуын атап өтуге болады. Осылайша, 2012 жылдың мамыр айында Мәскеудегі интернет-трейдинг жөнінде өткізілген көрме шегінде, KASE топ-менеджментінің өкілдері бірнеше ресейлік брокерлермен (БКС, Финам, Банк Зенит) Қазақстан нарығындағы жұмыс шарттары және олардың қызығушылықтары жөнінде келіссөздер өткізілді. KASE маркетингтік қызметі 2012 жылдың мамырында VIII Ресейлік IPO Конгрессіне қатысып, осы жиын шегінде қазақстандық қор нарығында шетелдік инвесторлар үшін тартымды аспектілерін ашатын, презентация өткізді, сонымен қатар, әлеуетті инвесторлармен бірнеше кездесулер өткізілді.

Бұдан басқа, Биржаның халықаралық биржалық ассоциациялардың қызметіне қатысу шегінде (Халықаралық ынтымақтастық бөлімін қара.), шетелдік инвесторларды тарту бойынша үнемі жұмыс жүргізіліп отырады.

Туынды қаржы құралдар нарығын дамыту

2012 жылы туынды қаржы құралдар (ТҚҚ) нарығын дамыту бойынша, атап айтқанда деривативтердің биржалық нарығының қаржы құралдарының тізімін кеңейту бойынша іс-шаралар кешені орындалды. Бұл шаралардың сауда-саттықтың белсенділігіне тікелей әсері болмағанымен, олардың орындалуы KASE биржалық нарығының осы сегментін әрі қарай дамытуға қажетті болды.

Жыл барысында ТҚҚ биржалық нарығы үшін сауда-саттық, клирингтік және есеп айырысу жүйелері жаңартылды. Аталған

жаңарту жұмыстары аяқталғанна кейін, есептік жылдың күзінде алғашқы рет KASE Индексінің ең өтімді акциялары – „ҚазМұнайГаз“ Барлау Өндіру” АҚ, „Қазақстан Халық жинақ банкі” АҚ, KAZAKHMYSPIC және Eurasian Natural Resources Corporation Plc жай акцияларына фьючерстердің сауда-саттықтары ашылды. Осы фьючерстердің маманданымдарын Биржа Басқармасы 2012 жылдың 24 қазанында бекітіп, келесі күні қолданысқа енгізді.

Бұдан басқа, ҚҚА мүшелерімен және уәкілетті органмен, ТҚҚ биржалық нарығын дамыту жолындағы кедергілерді жоятын, нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгертулер енгізуге қатысты сұрақтар бойынша талқылау өткізілді. Биржа, заңнаманы жетілдіру, бағалы қағаздар нарығын және зейнетақылық жинақтаушы жүйені дамыту, екіші деңгейдегі банктердің туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіншіліктері сұрақтарына қатысты ҚҚА ұйымдастырып, өткізген жұмыс кездесулерге қатысты. Деривативтер нарығы мүшелерін қор фьючерстері бойынша маркетингтік ретінде қызметке тарту бойынша жұмыс жүргізілді.

2012 жылдың қараша айында Биржа бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, ал қараша айының соңында – инвесторларға арналған оқу семинарын өткізді.

T + n сызбасы бойынша есеп айырысу жүйесі

Негізгі жұмыстар жоспарына сәйкес, Биржа есептік жылы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында клиринг жүйесін және жартылай қамтамасыз етілген T + n (мұнда n > 0) сызбасы бойынша есептесу жүйесін (T + n жобасы) енгізумен байланысты, сұрақтар кешенін шешті.

T + n жобасын жүзеге асыруды бастаудың басты шарты тиісті құқықтық қамтудың бар болуы, алайды Биржаның реттеушімен

және нарық субъектілерімен бірлескен жұмысы 2012 жыл барысында, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қауымдастықтың елеулі ресурстары өзге бағыттарда жұмыстарды атқаруға, атап айтқанда Тәуекелдерді минимизациялау заңының нормаларын іске асыруға жұмсалғандықтан, тиісті деңгейдегі қарқынмен өтпеді.

Дегенмен, 2012 жылы Т + n жобасы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды:

- ҚҚА жұмыс тобының отырыстары өткізілді, осы отырыстарда Т + n Жобасы бойынша Биржа заңнамаға және өзге де құжаттарға өзгертулер енгізу бойынша презентациялар және ұсыныстар жасады;
- бағалы қағаздармен несиелендіру жүйесінің қызмет етуі (БҚНЖ) бойынша әлемдік тәжірибе зерттелді және, Т + n жобасын жүзеге асыруға қажетті, Орталық депозитарийдің қаржы құралдардың заемдері жүйесін ұйымдастыру бойынша құжаттарының жобалары қаралды;
- орталық контрагенттің тәуекелдерін басқару жүйесінде қорғаныс линияларының бірі кәсіби жауапкершілікті сақтандыру болып табылатындықтан, Биржа түрлі қаржы институттарының кәсіби жауапкершілігін, сондай-ақ электрондық және компьютерлік қылмыстардан сақтандыру нарығын, Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы, клирингтік ұйым және кейбір банктік операцияларды жүзеге асыратын, ұйым ретінде жүзеге асыру қызметіне қатынасты тұрғыдан зерттеді;
- Корей биржасы KRX сарапшыларымен Биржаның Т + n жобасын жүзеге асыру үшін қажетті шарттар мен тәртіптер бойынша кеңес беру-кездесулері өткізілді;
- Т + n жобасын жүзеге асыруға қажетті, бағалы қағаздар нарығындағы клиринг және Т + n есептесулер туралы заңнаманың жалпы дайындау үшін, Биржа

клирингтік қызметті, брокерлік және дилерлік қызметті, бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық ұйымдастырушысы қызметін жүзеге асыру ережелеріне енгізуге қажетті өзгертулер мен толықтыруларды әзірлеу бойынша ҚҚА жұмыс топтарының жұмысына қатысты.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Биржа Т + n жобасы бойынша жұмысын әлі де жалғастырады, соның ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының субъектілерімен және уәкілетті органмен, осы жобаны жүзеге асыруға қажетті, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобаларын жетілдіру, талқылау және мақұлдау бойынша жұмысын әлі де жалғастырады.

Клирингтік қызмет

Қазақстандық заңнамаға өзгертулер енгізілгеннен кейін, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында лицензияланатын қызмет түрі болды. Осыған байланысты Биржаны қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу бойынша тікелей қажеттілігі туды. Осы үшін Биржа бірқатар ішкі құжаттарды әзірлеп, олардың негізгі мақсаты Биржаның клирингтік қызметін жүзеге асыруы бойынша ережелерді, тәртіптерді және регламентті орнату болып табылды, атап айтқанда мыналар әзірленді:

- Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметін жүзеге асыру ережелері;
- Клирингтік қатысушылардың мониторингін және бақылауын жүзеге асыру тәртібі;
- Клирингтік алымдар туралы қағида;

- Клирингілік қатысушыларды бағалау әдістемесі;
- Клирингілік жүйенің жұмыс регламенті;
- Клирингілік қызмет көрсетуге алынатын, қаржы құралдарының тізімі;
- Туынды қаржы құралдары нарығының тәуекел-параметрлерін есептеу әдістемес.

2012 жылдың 19 шілдесінде ҚҚК ҚҰБ берген, Биржа бағалы қағаздар нарығында клирингілік қызметін жүзеге асыруға № 4.2.3/1 лицензиясын алды, осы лицензияға сәйкес, KASE бағалы қағаздар нарығында мынадай қызметтер түрін жүзеге асыруға құқылы:

- бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру бойынша қызметі;
- бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметі.

Есептік жылы Биржа Басқармасы жаңа құрылымдық бөлімше – Клирингілік палатасын құрды, оның негізгі міндеті Биржада клиринг процедураларын жүзеге асыру болып табылады.

Биржа Басқармасының 2012 жылдың 23 шілдесіндегі шешімімен валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесі Биржаның валюталық нарығының 32 мүшесіне, ал деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесі – Биржаның деривативтер нарығының 10 мүшесіне берілді.

2012 жылдың барысында Биржа, бағалы қағаздар нарығында клирингілік қызметті жүргізу жөніндегі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестікке жету

үшін, ішкі ақпараттық жүйелерінің және бизнес-үдерістерінің бірқатар модификациясын жүзеге асырды.

Биржалық нарықтың айқындылығы және инвесторлардың мүддесін қорғау

Биржалық нарықтың айқындығын арттыру және инвесторлардың мүддесін қорғау бойынша жұмыс 2012 жылы Тәуекелдерді минимизациялау заңы аясында жүргізілді. Жоғарыда айтылғандай, осы заң Қазақстан Республикасының қаржы нарығының қызметінің барлық аспектілеріне қатысты қолданылды. Бір жағынан, нарықтың кәсіби қатысушылары үшін реттеушіліктің қатаңдатылғанын байқасақ, екінші жағынан осы үдеріс нарықта жасалатын әрекеттер үшін жауапкершіліктің артқанын, соның нәтижесінде, қаржы жүйесінде капиталдың жылжу „механизмінің“ негізгі қатысушылары – инвесторлар үшін тәуекелдердің төмендеуін көруімізге болады.

Аталмыш заңның нормаларын іске асыру шегінде, 2012 жылы KASE мониторинг және Биржа мүшелері туралы ақпараттарды ашу тәртібін, оперативтік және ақпараттар ашудың кеңдігі бөлігінде, түбегейлі өзгертті.

Биржа мүшелерінің жағдайы туралы ақпараттарды жинау және мониторинг жүргізу бойынша жұмыстар KASE мүшелерімен өзара әрекеттестіктің жалпы үдерісінен бөлініп шығарылды. Жоғарыда аталғандай, сауда-саттық ұйымдастырушысының құрылымында жаңа бөлім құрылып, оның негізгі міндеті Биржа мүшелерінің заңнама және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын орындау шегінде ұсынатын ақпараттарды жинау, ақпараттарды уақытылы ашуын және Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бақылау болып табылады.

Биржа мүшелерінің қызметін жариялаудың тиісті деңгейіне жету үшін www.kase.kz интернет-ресурсы модификацияланып, соның нәтижесінде Биржа мүшелерінің қызметі туралы ақпараттарды, листингтік компаниялар бойынша ақпараттар ашу деңгейіне сәйкес келетін, деңгейде ашуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, листингтік компаниялардың айқындығын арттыру және олардың бағалы қағаздарды орналастыру бөлігіндегі заңнама нормаларын орындауын бақылау бойынша жұмыс жасалды.

Соның ішінде профильдік ішкі құжатқа, бағалы қағаздар эмитенттерінің меншік иелері құрылымының айқындығын арттыратын, өзгертулер енгізілді, сондай-ақ, бағалы қағаздар шығарылымының шарттары осы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарықта айналымын қарастыратын болса, бағалы қағаздарды ұйымдастырылған нарықта орналастыру туралы заңнама нормаларын орындауын бақылауға мүмкіндік береді.

Технологиялық даму

Қазақстандық нарықтың және заңнамалық өзгертулердің құбылып отыратын қажеттіліктеріне ілесе жүріп, 2012 жылда KASE технологиялық дамуына бағытталған, жұмыстардың кең ауқымы атқарылды.

Сауда-саттық жүйесі

Жыл барысында Биржаның сауда-саттық жүйесі екі мәрте жаңартылды.

Маусым айында сауда-саттық жүйесінің 2.33 нұсқасы қолданысқа берілді, оны құрғанда сауда-саттық жүйесінің кейбір сегменттерін модернизациялауға қатысты жұмыстар атқарылды, атап айтқанда:

- арнайы-мамандандырылған сауда-саттықтарды өткізу ережелері өзгертілді;
- маркет-мейкерлердің өтінімдерінің параметрлерін өзгерту механизмі модификацияланды;
- серверден жауап ұзақ уақыт күтілген жағдайда, тиімді модальды терезенің көрсетілуі енгізілді;
- репо мәмілесінің жабылуына дейінгі мерзімді бақылауға мүмкіндік беретін, репо-міндеттемесінің құрылымын көрсету үшін қосымша атрибуттар енгізілді;
- пайдаланушының сауда-саттық жүйесіндегі әрекеттері туралы мәліметтерді сақтауға мүмкіндік беретін, оның локальды каталогында лог-файлдарды сақтау іске асырылды.

Бұдан басқа, сауда-саттық жүйесінің терминалын автоматты түрде жаңарту жүйесі аяғына дейін жасалды; Биржаның сауда-саттық жүйесінің ақпараттармен алмасу модулі, сыртқы қосымшаларымен және сауда-саттық жүйесінің 2.33 нұсқасымен жұмыс жасау үшін сыртқы қосымшалардан Биржаның сауда-саттық жүйесіне кіруге рұқсаттама кітапханасы қолданысқа берілді.

Сауда-саттықты ұйымдастырумен және сауда-саттық ақпараттарын өңдеумен байланысты, үдерістердің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында, өткен жылдың екінші жартысында Биржада қашықтатылған резервтік орталық негізінде тестілеу сауда-саттықтары өткізілді, сондай-ақ, сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде, Биржамен шоғырландырылатын, ақпараттарды өңдеуінің толық циклын тексеру жасалды.

Қазан айында сауда-саттық жүйесінің 2.34 нұсқасы қолданысқа берілді, онда алдыңғы нұсқаларының пайдалану кезінде анықталған кемшіліктер жойылды.

Сауда-саттық жүйесі. „Жазылым” нұсқасы

„Халықтық IPO” бағдарламасын іске асыруға дайындық шегінде Биржа сауда-саттық жүйесінің „Жазылым” атты арнайы нұсқасын әзірледі.

Осы нұсқа Акцияларға жазылым жүргізу ережелеріне сәйкес әзірленді, әзірлеу барысында аталмыш бағдарлама бойынша акцияларды орналастыру үдерісіне тартылатын барлық құрылымдармен мұқият келісілді.

Осылайша, сауда-саттық жүйесінің „Жазылым” атты арнайы нұсқасы қолданыстағы нормативтік базаға толық сәйкестікте

жасалып, „Халықтық IPO” бағдарламасын іске асыру шегінде Биржаға жүктелген функцияларды орындауды қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, өнімділіктің жоғарылатқан параметрлерімен қамтылып, күтілетін жүктемелерге қатысты мықтылықтың үлкен қорымен жобаланған.

Атап айтқанда, сауда-саттық жүйесінің осы нұсқасында бір уақытта бірнеше атаудағы акцияларға жазылым жүргізілуі мүмкін, бұл ретте 300 мыңға дейін шоттар қолданыла алады. Жүйе функционалы минутына, 2012 жылы „ҚазТрансОйл” АҚ және „Кселл” АҚ акцияларына жүргізілген жазылым кезінде тіркелген, максималды жүктемеден, 20 есе көп өтінімдерді өңдеуге мүмкіндік береді.

Биржаның жазылым жүргізу үдерісінде нарық субъектілерімен өзара әрекеттестігінің сызбасы



"Жазылым" және Биржаның бэк-офис жүйесінің тиісті қызметі эмитенттің өкілетті сатушысы және Орталық депозитарийдің қатысуымен өзара қарым-қатынасын толық қамтамасыз етеді.

Жүйе 2012 жылдың қыркүйек айында қолданысқа енгізілді, бұл ретте „Жазылым“ сауда-саттық жүйесінің тестілеу терминалы 2012 жылдың 06 қыркүйегінен бастап – „ҚазТрансОйл“ АҚ акцияларына жазылым басталар алдында екі ай бұрын қол жетімді болды, яғни, кәсіби нарыққа қатысушылары осы терминалдың функционалын алдын ала зерттеуге мүмкіндігі болды.

KASE сайты

Биржалық нарықтың уақиғалары туралы ақпараттық қостау KASE ең мықты жағы болып қалады – ақпараттарды ашу деңгейі осы кезде қазақстандық нарықтың бүкіл тарихындағы ең максималдысы болып табылады. Биржа сайты биржалық нарық уақиғаларының мониторингі және Биржа мүшелері, листингілік компаниялар және

KASE сауда-саттығында саудаланатын, қаржы құралдары туралы негізгі ақпарат көзі болып табылады. Атап айтқанда, биржа сайтында, нақты уақыт тәртіптемесінде қалыптастырылатын, үш тілдік нұсқада: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, KASE жаңалықтар лентасын құратын, 300 мыңнан астам ақпараттық хабарламалар, сондай-ақ листингілік компаниялар мен KASE мүшелерінің 22,3 мың құжаттары қол жетімді.

2012 жылы Биржа сайттың пайдаланушыларына іздестіру және ақпараттар жинау үдерістерін жеңілдету мақсатында өз сайтының ірі масштабты модернизациясын жүзеге асырды. Сайт жаңа серверлерде және жаңа аппараттық жабдықтарға ауыстырылып, бапталды.

Навигацияны оңтайландыру мақсатында және пайдаланушыларға ыңғайлылықты арттыру үшін сайттың құрылымы өзгертілді. Сайттың басты бетіне қосымша меню шығарылды, мұнда, пайдаланушылардың ең көп талап етілетін, тақырыптық бөлімдері бойынша сайттың ресурстары көрсетілді.

Сайттың „Халықтық IPO“ бөлімі



Сайттың „Клирингтік қызмет“ бөлімі




Биржа өз интернет-ресурсын жыл бойы жаңа бөлімдермен және беттермен толықтырып отырды.

„Халықтық IPO“ бөлімі 2012 жылдың бірінші жарты жылдығында ашылған. Бұл бөлімді Биржа, „Халықтық IPO“ бағдарламасын іске асыруды қостайтын, ақпараттық-түсіндіру компаниясына қатысу шегінде әзірледі. Онда аталмыш бағдарлама туралы, оның қатысушылары, жүзеге асыру барысы туралы барлық ақпараттар орналастырылған, сондай-ақ, осы бағдарлама туралы ақпараттар іздестіру үшін Биржа сайтының пайдаланушыларына пайдалы болатын, ақпараттық ресурстарға сілтемелер берілген.

Есептік жылдың жазында сайтта Биржаның клирингтік қызметіне арналған бөлімі ашылды. Осы бөлімде клирингтік қатысушылар және, клирингтік қызмет көрсетуге қабылданатын, қаржы құралдары туралы ақпараттар жарияланып, сондай-ақ қолданыстағы Биржаның ішкі құжаттарына сілтемелер берілді.

Биржа мүшесіне арналған бет



Биржа мүшелеріне арналған сайттың бөлімі, Биржа мүшелері туралы ақпараттарды ашу бойынша талаптардың көтерілуіне байланысты, заңнама нормаларын жүзеге асыру мақсатында, едәуір қайта құрылған. Мамыр айында пайдаланушылар үшін осы бөлімнің, алдыңғысынан сапа тұрғысынан айрықша, жаңа нұсқасы ашылды. Осы бөлімде әр Биржа мүшесіне бөлек беті қалыптастырылған. Аталмыш беттерде ақпараттың кең спектрі ұсынылған, соның ішінде KASE мүшесінің негізгі қаржылық көрсеткіштері туралы мәліметтер, олардың байланыс деректемелері, мүшелік санаты және осы санаттар бойынша белсенділік деңгейі, сондай-ақ заңнамаға және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға жататын, басқа да ақпараттар қамтылған.

Ақпараттандыруды арттыру мақсатында және биржалық нарықтың негізгі уақиғаларына назар аудару үшін сайттың басты бетінде „басты уақиға“ блогы орналастырылды. Осы блок сайттың пайдаланушыларының назарын Биржада болып жатқан елеулі уақиғаларға аудару үшін қолданылады. Осы блокта, атап айтқанда, Биржа

Сайттың титулдық беті „басты уақиға“ блогымен



өткізетін арнай-мамандандырылған сауда-саттықтар және жұртшылыққа арналған іс-шаралар туралы ақпараттар орналастырылады.

Биржа қызметкерлері жасады, қыркүйек айынан қараша айына дейін – тоғыз листингілік компанияның өкілдері тестіледі.

IS2IN электрондық құжатайналым жүйесі

2012 жылы „Is2in“ (IssuerstoInvestors) электрондық құжатайналым жүйесі қолданысқа берілді. Осы жүйе, Биржа мамандары жасаған, бағдарламалық өнім болып табылады. Осы жүйені әзірлеу 2010 жылдың соңында басталып, 2011 жылдың тамызында тестілеуге дайын болды. 2011 жылды тамызынан қыркүйек айына дейін Is2in жүйесінің жұмыс нұсқасының тестілеуін

Тестілеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, 2012 жылдың басынан бастап Is2in жүйесі қолданысқа беріліп, листингілік компаниялардың пайдалануына ашық болды. Есептік жылдың бірінші жарты жылдығында бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашыларына тестілеу кезеңі беріліп, соның барысында олар өз құжаттарын жүйе арқылы да, одан тыс – электрондық пошта арқылы және қағаз тасымалдағыштарда да ұсынып отырды. Осы кезеңді Биржа листингілік компаниялармен жүйені пайдалану туралы келісімдер жасасуға пайдаланды.

Is2in жұмысының сызбасы



2012 жылдың 01 шілдесінен бастап Is2in жүйесі листингілік компаниялар үшін листингілік талаптар шегінде ақпараттар ашуы кезінде қолдануға міндетті болды.

Is2in жүйесі пайдаланушыларға өз құжаттарын (мерзімдік қаржылық есеп берушіліктері, жиналыс хаттамалары, бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпалары және басқа да) автоматтандырылған тәртіпте, қағаздағы нұсқаларын Биржаға жолдаусыз, ұсынуға және, KASE сайтында орналастырылуымен, стандартталған ақпараттық хабарламаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Is2in жүйесінің функционалына Биржа қызметкерлеріне құжаттар мен ақпараттардың келіп түсуі және орын ауысуы туралы хабарлау жүйесі, сондай-ақ пайдаланушыларға құжаттар мен ақпараттардың жеткізілуі, олардың тексеру кезеңдерінен өтуі және Биржамен қабылдауы немесе қабылдамауы туралы хабарлау жүйесі кіреді.

Осы жүйенің енгізілуі, листингілік компаниялардан келіп түсетін, құжаттардың қағаздағы нұсқаларынан бас тартуға, кіріс ақпараттарды өңдеу және оны Биржа сайтында жариялау жылдамдығын ұлғайтуға, сондай-ақ Биржаның және листингілік компаниялардың операциялық шығындарын қысқартуға мүмкіндік берді.

Бастапқыда бұл жүйе тек листингілік компаниялармен және бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашыларымен құжатайналымына бағыттала отырып жобаланған.

Есептік жылдың бірінші жарты жылдығында заңнаманың өзгеруіне байланысты, Биржа мүшелерінің Биржаға ұсынатын құжаттарының спектрі айтарлықтай кеңейді. Сол себепті Is2in жүйесіне бірқатар қосымшалар мен баптаулар енгізіліп, KASE мүшелеріне Биржа алдында ақпараттар ашу бойынша талаптарды орындау шегінде құжаттар мен ақпараттарды ұсыну үшін осы жүйені қолдануға мүмкіндік берді. Аталмыш қосымшалар мен баптаулар бірінші

жарты жылдықта аяқталып, Биржа мүшелері листингілік компаниялармен қатар, осы жүйені пайдалануға теңдей мүмкіндік алды.

2012 жылдың соңында, ГОСТ 34.310-2004 сәйкес келетін, Биржа мүшелерінің электрондық құжаттарына қол қоюға мүмкіндік беретін электронды сандық қолтаңбамен (ЭСК) жұмыс жүргізуге арналған арнайы модуль қосылды.

KASE 2013 жылы осы жүйенің әрі қарай дамытуын жоспарлап отыр, атап айтқанда, листингілік компаниялар мен рұқсат ету бастамашылары үшін ЭСК пайдаланумен жүйенің үшінші нұсқасын енгізу жоспарланды.

KASE бэк-офисінің жүйесі

Биржаның бэк-офис жүйесінің дамуы 2012 жылда бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

Акциялардың „Халықтық IPO“ бағдарламасы бойынша орналастыруға дайындық шегінде сауда-саттық жүйесінің „Жазылым“ арнайы нұсқасымен қатар Биржаның бэк-офис жүйесінде, Биржаға жазылым шегінде берілетін өтінімдерді және олардың негізінде жасалған мәмілелерді тіркеу, сақтау және өндеуге қажетті, ресурстар мен механизмдер қалыптастырылды. Атап айтқанда, аталмыш өтінімдер және мәмілелер туралы ақпараттарды сақтауға арналған журналдар әзірленді, қабылданған өтінімдердің жиынтық ақпарат тізімдерін және сатушының қанағаттандырған өтінімдерінің ақпараттарын қалыптастыру механизмі жасалды, биржалық күәліктің арнайы формасы енгізілді, жазылым ұйымдастыру үшін комиссиялық алымдарды есептеу іске асырылды, сондай-ақ бірқатар статистикалық есеп берушіліктер әзірленді.

Биржаның клирингілік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын алуына байланысты, бэк-офис жүйесінен арнайы ресурс

бөлініп, шығарылып, соның негізінде Биржаның клирингтік жүйесі әзірленді. Осы жүйеге мәліметтер сақтау қоры, сондай-ақ клирингтік процедураларды жүзеге асыру функционалы және тиісті құжаттамаларды, есеп берушіліктерді және статистиканы қамтиды. Осы кезде Биржаның клирингтік жүйесі қолданыстағы заңнама мен Биржаның ішкі құжаттарының талаптары толық сәйкес келеді.

Бэк-офис жүйесімен жұмыс жасауда пайдаланушылардың қателерін азайту мақсатында, 2012 жыл бойы жүйенің бірқатар өңделуі, соның ішінде бэк-офистің мәліметтер базасында кестелік сипаттамаларын қайталауды жоққа шығару үшін ескерту механизмі енгізілді; валюталық нарық мүшелерінің жайғасымдары бойынша шектелімдерді орнату функционалы аяғына дейін жасалды – шетел валюталары нарығының барлық қаржы құралдары бойынша шектелімдер енгізу мүмкіншілігі іске қасырылды, сондай-ақ, нөлдік және қосарланған мәндермен жазбалар қалыптастыруға тыйым салынды; СТН және БСН мәндерінің бірегейлігін тексеру механизмі енгізілді; нарықтық бағаларды есептеу тиімділігін тексерудің қосымша механизмдері іске асырылды.

Биржаның басқа да ақпараттық жүйелерімен өзара әрекеттестігін оңтайландыру бөлігінде, бэк-офистің бірқатар жаңартулар іске асырылды: ПО"1С: Кәсіпорын"жүйесіне есептесулерге қатысушылардың шоттарын енгізу функционалы әзірленді, IS2IN электрондық құжатайналым жүйесімен өзара әрекеттестік механизмі аяғына дейін жасалды.

Бэк-офис бойынша басқа жұмыстарға кірді:

- деривативтер нарығында кепілдік жарналарды есепке алу секторлар бойынша бөлінді;
- нақты уақыт тәртіптемесінде күдікті мәмілелерді анықтау функционалы әзірленді;

- бэк-офис жүйесіне пайдаланушылардың кіру картасы қалыптастырылды;
- Биржа сайтына пайдаланушылар үшін ақылы кіруін есептеу және осы пайдаланушылардың төлем сомаларын есептеу механизмі әзірленді;
- Биржаның банктік шоттарды ашу және жүргізуге лицензиясының шегінде, бэк-офистің тестілік нұсқасында банктік шоттармен жұмыс жасау механизмін әзірлеу;
- Фьючерстердің бастапқы теориялық және ақтық бағаларын есептеуді автоматтандыру.

FIX market data және FIX-шлюзі бойынша сауда-саттық ақпаратымен алмасу

FIX (Financial Information eXchange) хаттамасын қолданумен сауда-саттық ақпаратын тарату бөлігіндегі KASE мүмкіншіліктерін кеңейту мақсатында, өткен жылдың бірінші жарты жылдығында жазылушыларға сауда-саттық ақпаратын ұсыну үшін қолданылатын FIX market data хаттамасы үшін қосымша модуль құрылды. Осы модуль сауда-саттық барысы туралы жеке алушалық мәліметтерді белгілі кідіріспен жөнелтуге мүмкіндік береді. Бұл Биржаға ақпараттық өнімдер линейкасын кеңейтіп, түрлі уақыттық тәртіптемеде – нақты уақыт тәртіптемесінде және әдейі баптала-тын кідіріс тәртіптемесінде ақпараттарды тарату мүмкіншілігін берді.

Есептік жылы FIXMarketData үшін мониторинг жүйесі аяғына дейін жасалып, жаңа нұсқасы бас тартулар нүктелерін тиімдірек анықтауға қол жеткізді, бұл альтернативті байланыс арнасын ұйымдастырумен қатар, басқа да ұсынылатын сервистің тұрақтылығын арттыру бойынша жұмыстармен қоса ақпарат алушыларға және қосалқы таратушыларына биржалық ақпараттың

сенімді және үздіксіз жөнелтуінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді.

FIX-серверде енгізілген өте маңызды жаңашылдықтардың тағы бірі өтінімдер „стаканын“ есептеу және оны FIX хаттамасы арқылы әрі қарай жөнелту мүмкіншілігі болып табылды.

Бұдан басқа, 2012 жылы келесідей жұмыстар атқарылды:

- сауда-саттық жүйесінің жаңа нұсқаларымен жұмыс жасау үшін сервисті аяғына дейін өңдеу;
- өтінімдерді беру және жою, сондай-ақ мәмілелерді жасау кезінде хабарлау жүйесін аяғына дейін жасау;
- Java-кітапханасын қолдаумен, FIX2.0 транзакциялық шлюзінің нұсқасын аяғына дейін жасап, пайдалануға беру;
- Виртуалды жұмыс станциясында сыртқы пайдаланушыларға арналған тестілік серверді қолданысқа беру бойынша іс-шараларды іске асыру.

Оқу сауда-саттық жүйесі (ОСЖ)

Жоғарыда айтылғандай, 2012 жылы жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған „Биржалық ынталандырушы“ ойынының екі сериясы болып өтті. Осы ойындар ОСЖ жетілдірілген нұсқасы негізінде өткізілді. ОСЖ аяғына дейін жеткізу жұмыстары келесідей бағыттарда жүргізілді:

- өтінімдерді кездесейтін түрде генерациялау үдерісін қалыптастыру;
- тіркеу бетін жетілдіру;
- ағымдағы ойын бойынша мәліметтерді іріктеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, функционалды іске асыру;

– мұрағаттық мәліметтерді көрсету құралдарын аяғына дейін жасау.

„STrade“ интернет-трейдинг жүйесі

2012 жылы Орталық депозитариймен жұмыс жасауға арналған, „eTransfer.kz“ жүйесінің 1.07, 1.07.05 және 1.08 нұсқалары эксплуатацияға берілді. Негізгі өзгертулер мен толықтырулар қамтыды:

- пайдаланушылық интерфейстің модернизациясы және аяғына дейін өңдеуі – ақпараттық өрістер, мәліметтерді іріктеудің баптаулары қосылды;
- сертификат импортының үдерісі оңайлатылды;
- „STrade“ арқылы сауда-саттық жүйесіне ақпараттық хабарламалар жөнелту құралдары енгізілді;
- әлеуетті мәмілелерді, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау бөлігінде, күдікті мәмілелер разрядына жатқызудың кейбір критерийлеріне сәйкестігі бойынша өтінімдерді тексеру функционалын енгізу.

„eTransfer.kz“ мәліметтер ұсыну жүйесі

Есептік жылдың үшінші тоқсанында Орталық депозитариймен жұмыс жасауға арналған, „eTransfer.kz“ жүйесінің 1.37.27 нұсқасы эксплуатацияға берілді. Атқарылған жұмыстардың негізгі кезеңдері:

- пайдаланушының „eTransfer.kz“ жүйесіне кіргенде, пайдаланушының сертификатының сәйкес болуын, мәліметтер базасы және БАЕҚО РО бойынша, қосымша тексеруді іске асыру;

- кез келген форматтағы файлдарды қайта жөнелту бойынша операциялық мүмкіншіліктерді іске асыру;
- жүйенің алдыңғы нұсқаларында анықталған, қателерді түзету.

2012 жылдың төртінші тоқсанында Биржаның клирингілік жүйесі мен клирингілік қатысушылары арасында мәліметтермен алмасуға арналған функционалы жүзеге асырылған, енді клирингілік қатысушыларға арналған „eTransfer.kz” жүйесінің 1.37.27 нұсқасы әзірленді.

Телекоммуникациялар

Аппараттық қамтамасыз ету және телекоммуникацияларды жаңғырту аясында төмендегі жұмыстар атқарылды:

- Биржа клиенттерін қосу үшін резервтік интернет-арнасы ұйымдастырылды;
- Биржа офистері арасында резервтік радиоарнасын белсендіру;
- БАЕҚО резервтік орталығына дейін ұлттық валютада төлемдерді жүзеге асыру үшін резервтік арнасын белсендіру;
- интернетке кіру рұқсаты бар және тестілеу мүмкіншілігі бар, Биржаның жаңа ақпараттық-техникалық желісіне параллельді қосылу;
- ФАСТИ және Банк-клиент сервистері үшін БАЕҚО дейін жаңа L2 байланыс арнасын қосу;
- Биржа сайтын жаңа серверлер мен аппараттық қамтуларда баптау және тестілеу;
- жаңа аппараттық қамтуларда транзакциялық FIX-шлюзін баптау, тестілеу және іске қосу;

- IP/VPN арнасын серверлік жайға – резервтік орталықты оптикадан WiBAS (пассивті оптикалық желіге) ауыстыру.

Құжаттама

Барлық технологиялық жаңашылдықтар тиісті құжаттамаларды әзірлеумен қосталып отырды. Атап айтқанда, Биржаның ақпараттық жүйелеріне өзгертулер енгізу тәртібі, Биржаның ақпараттық жүйелерінің классификаторы, Ақпараттық жүйелерді құжаттау ережелері, Биржаның ақпараттық қамтуын техникалық пайдалану тәртібі туралы нұсқаулық әзірленді. Бірқатар басқа құжаттарға Биржада қолданымды аппараттық кешеннің технологиялары аяғына дейін өңделіп, модернизацияланды.

Халықаралық ынтымақтастық

KASE халықаралық интеграциясының деңгейін арттыруға және болашақтағы дамуына бағытталған стратегиялық маңызы зор жоба 2013 жылы Әлемдік биржалар федерациясы (World Federation of Exchanges, WFE) толық құқылы мүшесі мәртебесін алу болды, осы кезде KASE WFE аффилиирленген мүшесі болып табылады. Биржаның толық құқылы мүше мәртебесін алуы үшін, бұдан бұрын анықталған WFE критерийлеріне сәйкессіздіктерді жою бойынша бірқатар жұмыстарды атқарып жатыр. Атап өтсек, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау бөлігінде күдікті мәмілелерді нақты уақыт тәртіптемесінде анықтауға қол жеткізетін, қосымша бағдарламалық қамтуды енгізу, ақпараттық қостау деңгейін арттыру, Биржада ақпараттық-кеңес берушілік қызметін құру болып табылады. WFE өлшемдеріне сәйкессіздіктердің, спецификалық айырмашылықтары себебінен біздің нарығымызға қолданылмайтын, өлшемдерінен басқасының барлығы 2012 жыл барысында жойылды.

Өз қызметінде KASE шетелдік биржалармен өзара қызметтестігін белсендіру түсті. 2012 жылда KASE өкілдері, шетелдік биржаларының қызметімен танысу және тәжірибе алмасу мақсатында, Болгария, Тегеран және Стамбул қор

биржаларына барып қайтты. 2012 жылы Корей биржасымен (KRX) ақысыз негізде консалтингтік қызметтер көрсету бойынша жобасын жүзеге асыру шегінде, Корей биржасымен ынтымақтастық әрі қарай жалғасты. KRX өкілдері KASE әрі



KASE делегациясының Корей биржасына сапары



Еуразиялық инвестициялық саммитіндегі KASE баяндамасы


қарай дамуы бойынша нұсқаулары берілген, есебі ұсынылды. Нұсқаулар KASE ақпараттық жүйелерді дамыту сұрақтарына, клиринг және есеп айырысулар, сондай-ақ KASE мүшелеріні қадағалау және қашықтан кіру сұрақтарына қатысты болды. Осы жобаны іске асыру барысында жұмыс тобы құрылып, оның құрамына KASE және KRX өкілдері кірді. Бір-біріне сапарлары жүзеге асырылып, соның барысында реттеушілер, депозитарийлер, брокерлік компаниялар және өзге де қаржы институттарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды.

2012 жылы Биржа халықаралық ұйымдармен және биржалық ассоциациялармен тығыз ынтымақтастығын жалғастырды. KASE Әлемдік биржалақ федерациясы (WFE), Еуроазиялық қор биржаларының федерациясы (FEAS), Оңтүстік –азиялық биржалақ федерациясы (SAFE) және ТМД елдерінің биржалық ассоциациясы (ХБА) сияқты халықаралық биржалық ассоциацияларының іс-шараларына қатысып, соларға мүшелік етеді. Еуроазиялық қор биржаларының федерациясына (FEAS) мүшелік ету шегінде KASE қызметкерлері, тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты әрі қарай дамыту мақсатында, федерацияның ұйымдастырып өткізген іс-шараларына қатысты. Осылайша, мамыр айында Стамбулда Еуроазиялық инвестициялық саммит болып өтті, мұнда, FEAS мүшелері бойп табылатын, елдердің капитал нарықтарын дамытудың көкейкесті проблемалары талқыланып, FEAS құрамына кіретін нарықтардың роуд-шоу өткізілді. Осы іс-шараға KASE және „VISOR Capital“ АҚ (ВИЗОР Капитал) „Еуроазиялық сауда-саттық жүйесі“ Тауарлы биржасы” АҚ қатысты. Бұдан басқа, Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйыммен (ЭЫДҰ) Еуразия елдерінде корпоративтік басқаруды дамыту бойынша жоба шегінде бірлескен жұмысы жалғасты. Еске сала кетейік, Биржаның ЭЫДҰ-мен бірлескен жұмыс тобының бірінші отырысы 2011 жылдың қыркүйек айында Алматыда болып өтті.

Жыл бойы, биржалық ассоциациялардың сайттарында жарияланатын, статистикалық мәліметтермен тұрақты алмасу бойынша жұмыс жалғастырылды.

Өткен жылдың мамыр айының соңында KASE, Ялта қ. (Украина) өткен ТМД және Балтия елдерінің IX Облигациялық конгрессіне қатысты. Бұл, Cbonds ақпараттық агенттігі өткізетін, дәстүрлі іс-шара ТМД борыштық бағалы қағаздар нарығындағы ірі уақиғаларының бірі болып табылады. Биржа осы конгрессте Қазақстанның корпоративтік борышы нарығындағы ағымдағы жағдай және оның даму перспективалары туралы баяндама жасады. ТМД елдерінің халықаралық биржалар ассоциациясының (ТМД ХБА) мүшесі ретінде, KASE Достастық елдерінің қаржы институттарымен тығыз ынтымақтастықта қызмет етіп, статистикалық ақпараттармен және талдаушылық материалдармен үнемі алмасып отырады.

Болашақта KASE ТМД биржалық кеңістігінде өзара қарым-қатынастың жаңа деңгейіне шығу мүмкіншіліктерін қарастырады. Капитал нарығының өзара әрекеттестігін ұлғайту, Кедендік одақтық негізін қалаудан кейінгі келесі қадам болып табылатын, Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) перспективалары контекстінде ерекше көкейкесті болып табылады. ТМД қаржы нарықтарының интеграциясы бір жағдайларда „артық“ жинақтарды тиімдірек қолдану және екінші жағдайларда – қосымша инвестицияларды тартуға көмектеседі деп тұспалданады. Ұлттық нарықтардың шекараларын еңсеру арқылы қаржы құралдарының эмитенттері үшін инвестицияларды тарту бойынша шығындарын азайту, ал инвесторлар үшін – инвестициялық портфельдерінің диверсификациясын арттыру мүмкіншілігі пайда болып, инвестициялаудың тәуекелдері азаяды. Бұдан басқа БЭК қатысушыларының интерграцияланған капиталдар нарықтары көмегімен тартылатын қаражаттар, алуан түрлі даму жобаларын қаржыландыру үшін қолданылуы мүмкін.



КОРПОРАТИВТІК ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ
СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ



КОРПОРАТИВТІК ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУ

Акционерлер туралы ақпарат

2013 жылдың 01 қаңдарындағы жағдай бойынша „Қазақстан қор биржасы“ АҚ жарияланған жай акцияларының жалпы саны 5 000 000 дана, 544 999 акциясы орналастырылған. KASE 56 акционері, солардың ішінде банктер, брокерлік-дилерлік ұйымдар, активтерді басқару бойынша компаниялар, жинақтаушы зейнетақы қорлар, өзге де қаржы ұйымдары мен жеке тұлғалар бар. Ең ірі акционері болып табылатын, „Сентрас Инвест“ ЖШС үлесінде 91 527 акция, яғни, орналастырылған акциялардың жалпы санынан 16,79% бар.

2012 жылдың 08 тамызында, бұдан бұрын „АӨҚО“ АҚ тиесілі болған, 74 935 жай акциялар көлеміндегі KASE мемлекеттік акциялар пакеті (Биржаның орналастырылған акцияларының жалпы санынан 13,7495%) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілді.

Биржа акционерлерінің толық тізімі www.kase.kz сайтында „Биржа туралы“ бөлімінде жарияланған

Дамуды жоспарлау

Қазақстан қор биржасы“ АҚ 2011–2013 жылдарға даму стратегиясына сәйкес, Биржаның негізгі даму стратегиясының бағыттары биржалық нарықтың капиталға айналуына арттыру, Биржада айналастығы бағалы қағаздардың өтімділігін арттыру, қызметтер мен қаржы құралдарының тізімін кеңейту, сондай-ақ, өз брендін күшейту мақсатында, Биржа қызметінің барлық салаларында халықаралық стандарттарды енгізу, акциялардың құнын көтеру және Биржаның халықаралық мойындауына қол жеткізу. Есептік жылда Биржа стратегиялық мақсаттарға жету бойынша

2012 жылы KASE акцияларын сатып алған тұлғалар

KASE акционерінің атауы	Сатып алған акцияларының саны, дана
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" ММ	74 935
"Қазақстан Халық банкі" АҚ ЕҰ "HALYK FINANCE" АҚ	10 068
"ARLAN SI" ЖШС	8 300
"Банк ЦентрКредит" АҚ	16 497
Жеке тұлғалар	4 863
Барлығы 6 акционер	79 798

жұмысын жалғастырды. Осыған орай, мыналарды атап өткіміз келеді:

- „Самұрық-Қазына“ ҰАҚ, Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының, соның ішінде Биржаның, және нарыққа қатысушылардың бірлескен қызметінің нәтижесінде „Халықтық IPO“ бағдарламасы табысты басталды;
- Малайзия және Қазақстан нарықтарында исламдық бағалы қағаздар – „Қазақстан Даму Банкі“ АҚ сукук ал-Мурабаха облигацияларын бастапқы орналастыруға қажетті базасы әзірленді;
- Биржа мүшелерінің мониторингін жүргізу қызметі құрылды, оның негізгі қызметі Биржа мүшелерінің өз қызметі туралы ақпараттарды уақытылы ашуын бақылау, сондай-ақ олардың қаржылық жағдайын бақылау болып табылады;
- Биржаның технологиялық дамуы жалғасын тапты, соның ішінде сауда-саттық жүйесінің жаңа нұсқасы іске қосылды, Биржа және оның мүшелері және бағалы қағаздар эмитенттері арасында IS2IN электрондық құжатайналым жүйесі қолданысқа берілді, сауда-саттық жүйесінің „Жазылым“ арнайы нұсқасы әзірленіп, қолданысқа берілді және Биржаның интернет-ресурсы жаңа бөлімдермен толықтырылды;
- қор нарығын танымал ету бойынша PR-кампаниясы қарқынды түсті, соның ішінде „Қор нарығының ашық есіктер күні“ атты ауқымды іс-шарасы өткізілді.

Жоғарыда аталған және Биржаның басқа да жобалары туралы толығырақ ақпарат „Жобаларды жүзеге асыру және Биржаның дамуы туралы есеп“ бөлімінде берілген.

Ішкі және сыртқы конъюнктураның құбылмалы болуына қарамастан, Биржа өзінің стратегиялық мақсаттарын орындау үшін әрі қарай бар күш-жігерін жұмсайды. 2013 жылы Биржаның стратегиясына сәйкес, төменде берілген бағыттар бойынша жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр.

1. Листингтік компаниялардың тізімін кеңейту: „Халықтық IPO“ бағдарламасы шегінде бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыру.

2. Инвесторлық базаны кеңейту:

– инвесторлық базаны кеңейтуге бағытталған, іс шараларды – семинарлар, байқаулар, оқу сауда-саттық жүйесі, сондай-ақ edu.kase.kz ақпараттық-білім беру интернет-ресурсын дамыту сияқты іс-шараларды өткізу;

– қаржылық жағдайына және тәуекелдерді басқаруына мониторинг жүргізу мақсатында, шетелдік заңды тұлғаларға, әлеуетті және нақты Биржа мүшелеріне қойылатын талаптарды әзірлеу;

– DMA жобасын дамыту және тиісті ережелерін әзірлеу.

3. Саудаланатын қаржы құралдарының тізімін кеңейту және олардың өтімділігін арттыру:

– „қытай юані – қазақстандық теңге“ валюталық жұбы бойынша биржалық сауда-саттықты іске қосу бойынша жұмыс;

– ұзақ валюталық своптардың концепциясын әзірлеу және оларды енгізу бойынша жұмыстарды іске асыру;

– деривативтер нарығында жаңа қаржы құралдарын іске қосу бойынша жұмыс.

4. Биржалық нарықтың айқындығын көтеру:

- Биржалық ақпараттарды мобильді құралдар мен әлеуметтік желілер арқылы тарату концепциясын әзірлеу және жүзеге асыру;
- Биржаның байланыс-орталығын (пайдаланушыларға қолдау көрсету орталығын) ұйымдастыру.

5. Инвесторларды қорғау деңгейін жоғарылату:

- қаржы құралдардың ұйымдастырылған нарығында қызметтерді жүзеге асырғанда кәсіби этика және адал тәртіптің нормаларын регламенттеу;
- күдікті мәмілелер туралы хабарлау жүйесін, мәмілелер жасағанда инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдануды қадағалау жүйесін, сондай-ақ Биржа мүшелерінің есеп берушіліктерін талдау жүйесін әзірлеу және қолданысқа беру.

6. Технологиялық даму:

- жартылай қамтамасыз етілген T+n есептесулерін енгізу үшін қажетті нормативтік база бойынша жұмыс.
- Биржаның сауда-саттық жүйесін жетілдіру – интерфейстің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту және жақсарту, сондай-ақ сауда-саттық жүйесіне мәліметтер енгізуді бақылау жүйесін жетілдіру.
- ГОСТ 34.310-2 сәйкес ҚБАЕО ОР ЭСҚ (ЭЦП УЦ КЦМР) енгізу;

- сауда-саттық жүйені NEXT жаңа тұғырнамасында әзірлеу.

7. Халықаралық ынтымақтастық: Әлемдік Биржалар Федерациясының (WFE) толық құқылы мүшесі болу бойынша жұмыс.

8. Корпоративтік құрылым және басқаруды жетілдіру: 2014–2016 жылдарға Стратегия мен Бизнес-жоспарды әзірлеу.

Ішкі аудит

2012 жыл арысында Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) корпоративтік құрылым мен басқаруды жетілдіру, Биржаның ішкі бақылау жүйесін дамытуға және нығайтуға қатысты. Есептік жылы ІАҚ 7 аудиторлық тексеру жүргізіп, сонымен бірге, жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша Бижа Басқармасының қабылдаған шешімдерінің орындалуына жүйелі мониторинг жасап отырды.

ІАҚ тоқсан сайын Биржалық кеңестің Аудит жөніндегі комиссиясы алдында есеп беріп, Комитет мүшелеріне аудиторлық тексерулер нәтижелері және Биржаның ішкі бақылауы жүйесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша нұсқаулар мен іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпараттандырып отырды. Барлық аталған іс-шаралар жыл бойы жоспарларда белгіленген мерзімдерде және толық көлемде орындалды.

Тәуекелдерді басқару

KASE Тәуекелдерді басқару қызметі (бұдан әрі – ТБҚ) жыл сайын Биржа тәуекелдерінің сәйкестендіруін және сапалы бағалауын жүзеге асырады. Осы қызмет Биржаның тәуекелдік уақиғаларын тіркейді, мониторингімен айналысады және басқаруын жүзеге асырады. KASE ТБҚ 2012 жылдағы негізгі мақсаттары:

- Биржаның іске асқан тәуекелдік уақиғалары бойынша мәліметтер базасын жинау және жүргізу;
- 2010 және 2011 жылдардағы тәуекелдік уақиғалардың талдауын жасау;

- әлеуетті тәуекелдерді басқару және іске асқан тәуекелдік уақиғалардың салдарын минимизациялау бойынша іс-шаралар қолдану;
- қаржы қызметі инвестициялық шешімдер қабылдаған жағдайда, инвестициялық қызметті бақылау;
- Биржаның төлеу жүйелеріне рұқсат алу құқығын бақылауды жүзеге асыру;
- тәуекелдерді басқару бойынша реттеушілік есептердің тізімін дайындау.

2012 жылы Биржада инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың ішкі бақылауын жүзеге асыру жүйесі енгізілді. Осыған байланысты, ТБҚ мынадай мақсаттарды іске асырды:

- Инсайдерлік ақпараттардың тізімі әзірленді;
- Инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың ішкі бақылауы жүргізу ережелері әзірленді;
- Биржа инсайдерлерінің, үнемі жаңартылып отыратын, базасы құрылды;
- инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар, заңды және жеке тұлғалардың тізімі құрастырылып, үнемі жаңартылып отырды;
- инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар барлық тұлғалар инсайдерлер тізіміне/н енгізілу/шығарылу туралы ескертілді;
- Қазақстан қаржыгерлерінің Ассоциациясымен, Биржа мүшелерімен және эмитенттермен инсайдерлік ақпаратты пайдалану сұрақтары бойынша жұмыс жүргізілді.

Есептік жылы, Биржаның клиринглік қызметін жүзеге асыруға лицензия алу мақсатында, тәуекелдерді басқару сұрақтарын

реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Осыған байланысты, Тәуекелдерді басқару саясаты, Биржа қызметінің үздіксіздігін басқару саясаты, Тәуекелдік уақиғаларды бағалау, мониторингін жүргізу және елеспескеру ережелері, сондай-ақ Биржаның операциялық тәуекелдерін басқару ережелері сияқты жаңа құжаттар әзірленді.

Биржа қызметінің үздіксіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары шегінде ТБҚ кеңсе ғимаратының қауіпсіздік концепциясын әзірленіп, мақұлданды, KASE Ақпараттық технологиялар департаменті ұйымдастырған, резервтік орталықтың тестілеуіне қатысты, өрт кезінде тәртіп ережелері бойынша Биржа қызметкерлерімен оқулар жүргізіліп, Биржа жетекшілігіне презентация жасалды.

Биржадағы комплаенс-бақылауды ұйымдастыру қызметі шегінде, мемлекеттік және өзге де органдарға ұсынылатын есеп берушіліктің жиынтығын, жинағын және нысандарының классификациясын жасау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

Корпоративтік басқару кодексі

„Қазақстан қор биржасы“ АҚ корпоративтік басқару жүйесі Биржаның Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі. Осы құжатқа сәйкес, KASE корпоративтік басқару ұстанымдары Биржаның корпоративтік қарым-қатынастарына қатысушылар өз әрекеттерін, Биржаның табысты қызметін қамтамасыз ету, оның нарықтық құнын және инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ Биржаның қаржылық тұрақтылығы мен кірістілігін қолдау мақсаттарынан шыға отырып, кәсібилік, шыншылдық, әділеттілік, адалдық, құзіреттілік және жауаптылық негіздерінде жүргізуін тұспалдайды.

Биржаның корпоративтік басқаруының негізгі ұстанымдары.

Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау. Бұл ұстанымға сәйкес, Биржа өз акционерлеріне өз акцияларына қатынасты құқықтарын жүзеге асыруға, егер бұл құқықтар қолданыстағы заңнамамен, келісім-шарттық қарым-қатынастармен немесе Биржа акционерлерінің біртарапты міндеттемелерімен шектелмесе, бөгет болмайды. Бұл ретте, Биржаның қызметіне, акционерлердің жалпы жиыналысына қатысу және онда дауыс беру, Биржа органдарын қалыптастыруға қатысу, сондай-ақ Биржа акциялары бойынша дивиденд алуға қатынасты ақпарат алған бойы, өз акционерлерінің құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Биржа акционерлерінің жалпы жиыналысының, Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының Биржаны тиімді басқаруы. Осы ұстанымға сәйкес, Биржа жылда өз акционерлерінің алдында өз қызметі туралы есеп береді, бұндай жыл сайынғы есептерде Биржа қызметінің барлық аспектілері туралы, соның ішінде жобалардың дамуы мен жүзеге асуы, сондай-ақ қол жеткізген қаржылық көрсеткіштер туралы толық ақпарат беріледі.

Биржа Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асыра отырып, Биржалық кеңес Биржа Басқармасы қызметін бағалау әдістері мен критерийлерін әзірлеп, жетілдіріп отырады. Биржа Басқармасы өз кезегінде Биржаның ағымдағы басқаруын және күнделікті қызметінің бақылауын жүзеге асырады. Бұл ретте, Басқарма қызметі

операциялық және қаржылық нәтижелердің ең үздік көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталады.

Биржа және оның қызметі туралы ақпараттың айқындылығы, уақытылығы және нақтылығы. KASE өзі туралы ақпараттарды мынадай мақсаттарда ашады:

- акционерлер тарапынан және қаржы нарығының басқа да субъектілерінің Биржаға деген сенімін нығайту;
- Биржа акцияларын сатып алу және ұстап қалу бойынша инвестициялық шешімдер қабылдауға қолдау көрсету;
- Биржа акционерлерінің жалпы жиыналысының және Биржалық кеңестің шешімдер қабылдауының неғұрлым негізділігін қамтамасыз ету;
- Биржаны басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету.

Заңдылық және этика. Биржа қолданыстағы заңнамаға, өз жарғысына және ішкі құжаттарына (қолданыстағы заңнама негізінде әзірленген), сондай-ақ іскерлік айналым және іскерлік этика дәстүрлеріне қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

Дивиденділік саясаттың тиімділігі. Осы ұстанымға сәйкес, Биржа өз акциялары бойынша дивиденд есептеу және төлеу үшін шарттардың бар немесе жоқ болуын анықтау мақсатында, өзінің операциялық қызметі мен нақты және болашақтағы қаржылық жағдайы туралы тек расталған және дәлелді ақпаратты пайдаланады. Бұл ретте Биржа өз акциялары бойынша дивиденд мөлшерін анықтау механизмінің және төлеу тәртібінің айқындылығын қамтамасыз етеді.

ГЛОССАРИЙ



eTrade.kz	eTrade.kz ЖШС – Биржаның еншілес ұйымы
DMA	direct market access – екінші деңгейдегі сауда-саттыққа қатысушылары және Биржа мүшелерінің клиенттеріне Биржаның сауда-саттық жүйесіне тікелей кіру
FEAS	The Federation of Euro-Asian Stock Ex-changes (Еуразиялдық биржалар федерациясы)
FIX	financial information exchange – қаржылық ақпараттармен алмасудың халықаралық стандарты болып табылатын, мәліметтер ұсыну хаттамасы
IPO	бастапқы жұртшылыққа орналастыру (ағылшын тілінен "initial public offering")
KASE	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
KASE_BY	корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі, жылдық%
KazPrime	Қазақстан үшін ең үздік несиелік сападағы банктер жариялайтын, депозиттеріне ақша орналастыру мөлшерлемесінің орташа мәні
KTX Local	Kazakhstan Traded Index Local – нарықтық капитализацияны саралау арқылы, Вена биржасы еуро және АҚШ долларымен есептейтін, KASE акциялары нарығының индексі. Есептеу үшін биржадағы акциялардың бағасы пайдаланылады.
KZT	қазақстандық теңге
T + n	орындалуы мәміле жасалған күннен кейін n-ші жұмыс күні іске асатын, есеп айырысуларды жүзеге асыру шарты
TONIA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығындағы мерзімі бір күндік репо операциясының ашылу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі
TWINA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында мерзімі жеті күндік репо операциясын ашылу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі
АҚ	акционерлік қоғам
ҚКА	Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк (банктер)
Биржа	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
МАП	мемлекеттік акциялар пакеті

KASE тобы, биржалық топ	"Қазақстан қор биржасы" АҚ және оның еншілес ұйымдары: "ИРБИС" Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі" ЖШС және "eTrade.kz" ЖШС
Тәуекелдерді минимизациялау Заңы	Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 28 желтоқсанындағы "Қазақстан Республикасы банктік қызмет және қаржылық ұымдарды реттеу сұрақтары жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге тәуекелдерді минимизациялау бөлігінде өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" № 524-IV заңы
ҚҰБ ҚҚК	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау комитеті
МБҚ	(егер басқасы белгіленбесе, Қазақстан Республикасының) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
KASE Индексі	KASE акциялар нарығының индексі
ИРБИС	"ИРБИС" Қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі" ЖШС – Биржаның еншілес ұйымы
таза пайданың маржасы	таза пайданың (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен кіріске қатынасты
маркет-мейкер	Биржа осындай деп мойындаған және белгілі бір тұрпаттағы бағалы қағаздар бойынша екі жақты баға белгілеулерді қолдау бойынша өзіне міндеттеме алған, Биржа мүшесі
Қаржы министрлігі	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
млн	миллион
млрд	миллиард
АЕК	жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану үшін, салықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге төлемдерді есептеуге арналған, айлық есептік көрсеткіш, оның мәні Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" заңына сәйкес тиісті жылдарға белгіленеді
Халықтық IPO	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 08 қыркүйегіндегі № 1027 қаулысымен бекітілген, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы
Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰК	ұлттық компания

с/к	мәліметтер салыстыруға келмейтіндігіне байланысты келтірілмейді
с/ж	қаржы құралы саудаланған жоқ немесе операциялар жүзеге асырылған жоқ
Ұлттық Банк	"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" ММ
ЖЗҚ	жинақтаушы зейнетақы қоры (қорлары)
БМҚ	беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
операциялық маржа	операциялық кірістің (салықтар мен пайыздарды төлегенге дейінгі негізгі қызметтен түскен кірістің) сатылым көлеміне қатысы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, халықаралық экономикалық ұйым
ОӨҚО	Алматы қаласының Өңірлік қаржы орталығы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
СК	сақтандыру компаниясы (сақтандыру компаниялары)
қара.	қараңыз
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
сукук	облигациялардың исламдық баламасы д.а., шариат елдерінде кең тараған қаржы құралы
ТБҚ	Тәуекелдерді басқару қызметі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Сауда-саттық жүйесі	"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесі
трлн	триллион
СЖ	"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесі
мың	мың
ОСЖ	Биржаның сауда-саттық жүйесі
БАЕҚО РО	Банкаралық есептесудің Қазақстандық орталықтың Растаушы Орталығы
ҰӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
БҚ	бағалы қағаздар
Орталық депозитарий	"Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ

Егер осы есептің мәтінінде келтірілген ақпаратқа сілтемелер берілмесе, Биржа өз персоналының қызметі үдерісінде жинақталған және жүйелендірілген, мәліметтер пайдаланғаны тұспалданады.

Байланыстық ақпарат

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 050040,
Алматы, Байзақов көш., 280,
„Almaty Towers” КФК солтүстік
мұнара, 8-ші қабат

Телефон: (+ 7 727) 237 53 00

Факс: (+ 7 727) 296 64 02

Эл. пошта: info@kase.kz

Сайт: kase.kz

© 2013 „Қазақстан қор биржасы” АҚ (KASE)

Дизайны мен беттеуі – Wise Central Asia

KASE

